



ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Базалық мөлшерлеме деңгейі төмендейді

3



Смағұл ЕЛУБАЙ: ҚАНДАСТАР МӘСЕЛЕСІН ТЕЗДЕТІП ШЕШУ ҚАЖЕТ

7



ЗАМАНАУИ АВТОБУСТАР ҚАТАРҒА ҚОСЫЛДЫ

8

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №95 (6388) 10 тамыз, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

АДАМЗАТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Ұлы ақын, ағартушы
Абай Құнанбайұлының туғанына 178 жыл

*Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме.*

*Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Дүре етеді ішіне құлық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.*

Елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен 2020 жылдан бастап 10 тамыз – «Абай күні» тойлана бастады. Осынау күнді Үкімет арнайы қаулымен бекітіп, мерекелік күндер тізбесіне ресми енгізді. Алғаш рет өткізілген мерке әлемдік пандемиямен тұспа-тұс келгеніне қарамастан, 100-ден астам іс-шара өткізілген еді.

6

АЛМАТЫ – КӨШ БАСЫНДА

Қалалық Мәслихаттың кезектен тыс VII сессиясында маңызды әлеуметтік мәселелер талқыланды

Кеше Алматы қаласы Мәслихатының кезектен тыс VII сессиясы өтті. Онда әлеуметтік-экономикалық мәселелер кеңінен талқыланды. Алматыда ТКШ қызметтеріне тарифтің өсуі халықтың әлеуметтік осал топтары санаттарына өтеледі. Бұл туралы сессия барысында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин мәлімдеді. Осы мақсаттарға бюджеттен 2023 жылдың соңына дейін 3,3 млрд теңге, ай сайын 544 млн теңгеден бөлу жоспарлануда.

ӘЛЕУМЕТТІ ҚОЛДАЙМЫЗ

«Алматыда халықтың әлеуметтік осал топтары санатына жататын 315 мың азамат тұрады. Аталған тұлғаларды қолдау аясында біз тарифтерді көтеру үшін өтемақы төлеуді жоспарлап отырмыз. Әлеуметтік көмек мөлшері

0,5 АЕК (1725 теңге) құрайды», – деді Асқар Әмрин.

Ол Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Инвестицияларға айырбастау тарифі бағдарламасына көшу аясында коммуналдық қызметтер бағасының шамалы өсуі жыл сайын жы-

лумен жабдықтау коммуникацияларын 2-2,5%-ға, сумен жабдықтау 2%-ға және электрмен жабдықтау 1,2%-ға жөндеуге және өзгертуге мүмкіндік беретінін, осылайша мегаполистің он мыңдаған тұрғынын сапалы инженерлік желілермен қамтамасыз ететінін түсіндірді.

4



Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

10.08.2023

Түнде:



+19+21 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

11.08.2023

Түнде:



+21+23 °C
Көшпелі бұлтты, өткірші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+30+32 °C
Көшпелі бұлтты, өткірші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 15 м/с





САРАПТАМА

ҚЫТАЙ: ҰЛТТЫҚ САНАҚ НЕ ДЕЙДІ?

Демографиялық тоқырау қауіп-қатер төндіреді

Екі жыл бұрын Қытайда жетінші рет ұлттық санақ жүргізілді. Әлемдік індет пен түрлі кедергілерге қарамастан ұлттық санақ аса жоғары деңгейде өтті. Себебі, Ұлттық статистика бюросы бұл санақта жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен әрі тиімді пайдаланды. Бұрынғы санақтарға қарағанда, мейлінше, дәлірек деректерді топтастыра алды. Нәтижесінде санақ Қытайдағы халық санын ғана дәлірек көрсетіп берген жоқ, елдегі демографиялық салмақты мәселелердің бетін ашты. Дәл сол жылы Қытай халық санының өсімі рекордтық деңгейде төмендеді. Табиғи өсім небары 0,034% болды. Қытай тарихында мұндай төмен өсім көрсеткіші бұдан 60 жылдай бұрын болған. 1958–1962 жылдары төмен әлеуметтік жағдай мен сәтсіз саяси жүрістер 30 миллион адамның өмірін жалмап, табиғи өсім 0,45 пайызға төмендеген.

Соған дейін қытайлық демографтар кері өсім қауіпін ескерткен және алаңдаушылық білдірген. Себебі, үрдіс елдің тұрақты дамуына үлкен кедергі келтіреді деген болжам жасалған. Былайша айтқанда, әлемдегі екінші ірі экономика ішкі нарықтық сұраныс пен сатып алу қабілетін жоғалтады. Не болмаса, өзге де даму үмкіндіктерінен айырылады. Бұл АҚШ экономикасын қуып жетуге тырысқан Қытай арманын күйретеді. Соның алдын алу үшін билік ұзақ жыл жүргізген «жоспарлы туу» саясатынан бас тартты, тіпті түрлі ынталандыру шараларын іске қосты. Бірақ Қытайдың қазіргі демографиялық үрдісіне қарап отырсақ, бұл шаралар қысқа уақытта көмектесуі екіталай. (Бұның мысалы 1-, 2- кестелерден көруге болады).

ХАЛЫҚ САНЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМ

Қытай Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, елдегі жалпы халық саны 1 443 497 378 адам (2020 жылғы 1 қарашадан сағат 0.00-дегі есеп). Бұл санға Қытайдың материктік провинцияларымен бірге Гонконг, Макао және Тайвань халқының саны да кіреді. Материктік аумақтағы халық саны – 1 411 778 724 адам, Гонконгте – 7 474 200 адам, Макаода – 683 218, Тайвань аралында 23 561 236 адам. Демек, Қытай халқы 2010–2020 жылдар арасында алтыншы ұлттық санақ 1 339 724 852 адаммен салыстырғанда 72 053 872 адамға, яғни 5,38 пайызға өскен. 10 жыл ішіндегі орташа табиғи 0,53%.

Этникалық құрамына келгенде, қытайлар (ханьзулар) 1 286 311 334 адам, ел халқының 91,11% құрайды. Өртүрлі этникалық азшылықтардың саны 1 25 467 390 адам, яғни 8,89 пайыз. 2010 жылдағыдан қытайлардың саны 60 378 693 адамға (4,93%), этникалық азшылықтар саны 116 751 719 адамға (10,26%) көбейген. (Бұлардың арасында қазақтардың саны 1 562 518 адам деп көрсетілген). Қытайдағы этникалық азшылықтар арасында қазақтар 17-ші орында. Саны жағынан қытайдан кейін тұратын чжуан (жуанзу) халқы 19 568 546 адам, ары қарай ұйғырлар – 11 774 538, дунгендер 11 377 914, мяолар (мяозу) – 11 067 929, мажүрлер – 10 423 303 болып алдыңғы бестікті тәмамдайды. Бұлардың саны дерлік 10 миллионнан асқандар. Саны 5–10 миллион арасында болатын изу, тужялар, тибет (7 060 731) және монғолдар (6 290 204) бар. Қытайдың ұлттық құрамы, олардағы жекелеген өсім деңгейіне қатысты ресми деректерді саралау бір мұнша уақыт алады. Бұл бағытта алдағы уақыттарда жеке зерттеп көруге болады.

Жыл	Халық саны	Өсу/кему		Орта жас	Туу коэффициенті	Урбанизация (пайыз)	Әлемдік үлес
		пайыз	Сан				
2023	1,425,671,352	-0.02 %	-215,985	39.0	1.19	65.0 %	17.72 %
2022	1,425,887,337	0.00 %	-6,128	38.5	1.18	63.8 %	17.88 %
2020	1,424,929,781	0.22 %	3,065,750	37.4	1.28	61.4 %	18.17 %
2015	1,393,715,448	0.67 %	9,104,816	35.6	1.67	55.6 %	18.77 %
2010	1,348,191,368	0.66 %	8,660,761	34.1	1.69	49.6 %	19.30 %
2005	1,304,887,562	0.64 %	8,157,699	31.7	1.62	43.1 %	19.90 %
2000	1,264,099,069	0.74 %	9,190,929	28.9	1.63	36.4 %	20.56 %
1995	1,218,144,426	1.09 %	12,888,035	26.1	1.59	31.5 %	21.21 %
1990	1,153,704,252	1.70 %	18,692,855	23.7	2.51	26.9 %	21.70 %



Статистикалық мәліметтер көрсеткендей, 2022 жылы Қытай халқының табиғи өсімі 0-ге жуық төмендеп, азау үрдісіне аяқ басқан. Ал биылдан бастап жүз мыңдап кеміп барады. Халықтың орташа жасы 1990 жылғыдан қарқынды өсіп, 39-ға жетсе, 2050 жылға қарай 50 жастан асуы мүмкін деп болжанады. 30 жыл бұрынғымен салыстырғанда бала туу коэффициенті де 2 есеге азайған. Бұл алдағы 30 жылда қайта қалпына келмеуі мүмкін.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚИЫНШЫЛЫҚТАР

Қытай халық саны жағынан қазір де әлемнің екінші орнында. Әлі де жүз миллиондап саналатын еңбек күшіне ие. Бірақ олар демографиялық дағдарысқа неге алаңдайды? Демографтар Қытай үкіметіне бірқатар қауіптерді атағаны бар. Айталық, демографиялық дивидендтің төмендеуі Қытайдың даму тұрақтылығына қауіп төндіреді. Бұның астарында әлеуметтік тұрақсыздыққа әке-

Жыл	Халық саны	Кему		Орташа жас	Туу коэффициенті	Урбанизация
		Пайыз	Адам саны			
2025	1,424,381,924	-0.01 %	-109,571	40.0	1.21	67.2 %
2030	1,415,605,906	-0.12 %	-1,755,204	42.7	1.27	71.9 %
2035	1,399,547,500	-0.23 %	-3,211,681	45.4	1.31	75.7 %
2040	1,377,556,938	-0.32 %	-4,398,112	48.0	1.34	78.7 %
2045	1,349,756,901	-0.41 %	-5,560,007	49.6	1.36	80.9 %
2050	1,312,636,325	-0.56 %	-7,424,115	50.7	1.39	83.2 %

Қытайдың материктік аумағындағы 31 провинция ішінде халық саны 100 миллионнан асатын 2 провинция (кестеде қара түстегі), 50 миллионнан 100 миллионға дейінгі халқы бар 9 провинция (кестеде сұры түстегі) және 10 миллионнан 50 миллионға дейінгі халқы бар 17 провинция бар. Халық саны жағынан алдыңғы орында тұратын 5 провинцияда жалпы халықтың 35,09 пайызы тұрады. Ел аумағымен қарастырылғанда шығыс, оңтүстік және орталық аймақтарда халық саны тығыз орналасқан. Батыс, солтүстік-батыс, солтүстік және солтүстік шығыс өңірлерде салыстырмалы азырақ. Шығыс аймақта 563 717 119 адам (39,93%), орталық аймақта 364 694 362 адам (25,83%), батыс аймақта 382 852 295 адам (кейбір орталық-батыс провинциялар қамтылған, 27,12%); ал солтүстік-шығыс аймақтың үлесі 98 514 948 адамды (6,98%) құрайды.

летін қауіптер бар. Сондықтан да жылдар бойы жалғасып келген және алдағы уақытта да жалғаса беретін өсудің төмендеуі сынды үрдісті тоқтатуға кеңес беруде.

Екінші үлкен мәселе – халықтың қарттануы. Халықтың орташа жасы тұрғысынан соңғы 10 жылда Қытай халқы тез қартаюудың бірінші кезеңінен өтті. 2020 жылы Қытайдың материктегі аумағында 60 жастан жоғары қарттар саны 264 миллионға жеткен. Бұл жалпы халықтың 18,7 пайызын құрайды. Ал қарттану процесіне кірген 2000 жылдармен салыстырғанда, 20 жыл ішінде егде жастағы халықтың үлесі 8,4 пайыз өскен. Соңғы онжылдық, алдыңғы онжылдықпен салыстырғанда қарқынды. Бұл үрдіс алдағы онжылдықта бір есе қарқынмен жүруі мүмкін. Сондықтан Қытай билігі үшін халықтың қарттануына қарсы әрекет ету ең басты міндеттерінің бірі болып қалды. Тіпті, ұлттық конгресс жиындарында осы мәселе терең талқыға түсті. Себебі, қарқын баяулауы мүмкін, алайда процестің тоқтамайтыны анық байқалды. Үрдіс өз кезегінде жұмыспен қамту, ресурстық қордың жұмсалыуы, технологиялық инновациялар, өндіріс пен қызмет мәселелерінде үлкен дағдарыстарды, күрделі қайшылықты тудырады. Соңында бұл ҚКП соңғы кезде белгілеген «Жоғары сапалы даму» стратегиясын қүйретуі мүмкін. Мәселеге Қытай ғана тап болып отырған жоқ, бұл бір жағынан жаһандық тенденция.

Бұндай терең проблемаларға қарамастан, Қытай білім беру, жұмыспен қамту және кедергілерді қуып алып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жақтарында, сондай-ақ, баспанамен қамту мәселелерінде соңғы он жылда көп алға ілгерілегені де байқалады. Мысалы, 2020 жылғы көрсеткіште, 100 адам ішінде 15,4 адам кемінде колледж бітірген, орташа жоғары білімге ие екені мәлім болды.

Өңірлер	Халық	Үлесі	
		2010	2020
Жалпы	1411778724	100.00	100.00
Пекин	21 893 095	1.55	1.46
Тяньцзинь	13 866 009	0.98	0.97
Хэбэй	74 610 235	5.28	5.36
Шаньси	34 915 616	2.47	2.67
Ішкі Монғолия	24 049 155	1.70	1.84
Ляонин	42 591 407	3.02	3.27
Цзилинь	24 073 453	1.71	2.05
Хэйлунцзян	31 850 088	2.26	2.86
Шанхай	24 870 895	1.76	1.72
Цзянсу	84 748 016	6.00	5.87
Чжэцзян	64 567 588	4.57	4.06
Анхуй	61 027 171	4.32	4.44
Фуцзянь	41 540 086	2.94	2.75
Цзянси	45 188 635	3.20	3.33
Шаньдун	101527453	7.19	7.15
Хэнань	99 365 519	7.04	7.02
Хубэй	57 752 557	4.09	4.27
Хунань	66 444 864	4.71	4.90
Гуандун	126012510	8.93	7.79
Гуанси	50 126 804	3.55	3.44
Хайнань	10 081 232	0.71	0.65
Чонгук	32 054 159	2.27	2.15
Сычуань	83 674 866	5.93	6.00
Гуйчжоу	38 562 148	2.73	2.59
Юннан	47 209 277	3.34	3.43
Тибет	3 648 100	0.26	0.22
Шэньси	39 528 999	2.80	2.79
Гансу	25 019 831	1.77	1.91
Цинхай	5 923 957	0.42	0.42
Нинся	7 202 654	0.51	0.47
Шыңжаң	25 852 345	1.83	1.63

2010 жылы бұл көрсеткіш 100 адамнан 9 адам шамасында болған.

Сонымен қатар, Қытайдағы урбанизация қарқыны жоғары. 2050 жылға қарай халықтың 83 пайыздан астамы қалада қоныстануы мүмкін деп болжануда. Бұның өзі Қытайда алдағы уақытта экологиялық, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің жаңа түрлері пайда болатынын көрсетеді. Дамуға деген кейбір көмекші факторлармен бірге қиындықтарға тап келген Бейжің билігі мәселені реттеудің түрлі амалын қарастыру үстінде.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

БІЗ ҮШІН ЖАҢА МҮМКІНДІК

«Алматы қаласын дамыту орталығы» БҰҰ-ның Жаһандық келісім-шарты құрамына енді

Биылғы шілдеде «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ БҰҰ-ның Жаһандық келісім-шарты құрамына енді. Осы келісім-шарт аясында мегаполисті дамытудың негізгі институты жаһандық деңгейде әріптестік үшін мүмкіндіктерді кеңейтеді және құжаттың он негізгі қағидатын жүргізетін болады.



**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

Алматы БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (БҰҰ ТДМ) қол жеткізуге бағытталған халықаралық қоғамдастықтағы өз ұстанымын нығайтады. Бұл процестің бір бөлігі бүгінде 160-тан астам мемлекеттен 9500 компания мен 3000 коммерциялық емес ұйым қатысатын БҰҰ-ның Жаһандық келісім-шартына қатысуы болып табылады.

Осы орайда БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары жөніндегі сарапшысы Сергей Цой: «Бүгінде БҰҰ ТДМ-ға қол жеткізу жөніндегі өз күш-жігерін тек мемлекеттер ғана емес, сонымен қатар коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар мен компаниялар да біріктіре алады. Ол үшін БҰҰ-ның Жаһандық келісім-шарты бар. Бұл тұрақты даму идеяларын ұстанатын және іс жүзінде тиісті шешімдер қабылдауға және іске асыруға дайын компаниялардың қызметі үшін саяси платформа және практикалық негіз болып табылады. «Алматы қаласын дамыту орталығының» жаһандық келісім-шартқа қосылуы Қазақстанда БҰҰ ТДМ-ға қол жеткізу тек саяси декларация әрі ұлттық деңгейде ғана емес, өңірлік деңгейде де жүріп жатқан практикалық жұмыс екенін білдіреді», – деді.

Сарапшы Жаһандық келісім-шарт БҰҰ-ның орнықты даму қағидаттарына сәйкес, бизнес-процестер мен корпоративтік мәдениетті біріктіруге және жүйелеуге бағытталғанын айтты. Келісім-шарт платформа ретінде жаһандық мәселелердің бірлескен шешімдерін әзірлеуге және ауқымын анықтауға мүмкіндік береді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қазіргі Бас хатшысы Антонио Гутерриш кезінде «Жеке сектор халықаралық ынтымақтасқты дамыту, мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктерге қатысу, ортақ мәселе-

лердің инновациялық шешімдерін іздеу және жауапты бизнес жүргізу арқылы бұл процесте ортақ рөлге ие» деген болатын. Бүгінде түрлі елдердің іскер топтары БҰҰ-мен және өзара ынтымақтастық құралы ретінде БҰҰ-ның Жаһандық келісім-шартын қолдана отырып ынтымақтасуда.

«Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ басқарма төрағасы Андрей Шовкопьяс аталмыш келісім-шартқа қосылу қала мен оның институттарының кешенді эволюция процесінің бір бөлігі екенін атап өтті.

«Өздеріңіз білесіздер, Алматы өткен жылы 2025 жылға дейін дамудың жаңа Бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды қабылдады. Бағдарлама тұрақты дамуға бағытталған мақсаттар мен міндеттерді анықтайды, олар негізінен БҰҰ ТДМ мазмұнымен сәйкес келеді. АДО Алматының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін негізгі институт болып табылады. Бұл қызметте біз осы жылдың маусым айында өзіміздің даму бағдарламыз бен жоспарымызды қабылдадық, оның ішінде Алматының дамуын БҰҰ ТДМ жаһандық күн тәртібімен және міндеттерімен үндестіруге бағытталған. БҰҰ-ның Жаһандық келісім-шартына қатыса отырып, біз өз ниетімізді және БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына адалдығымызды растаймыз», – деді ол.

Шовкопьяс осы бастамаға қосылатын ұйымдар өз қызметі мен стратегияларын Жаһандық келісім-шарттың он қағидатына сәйкес келтіруге міндеттеме алатынын және бүгінде АДО-ның жұмысы оларға толықтай сәйкес келетінін атап өтті. Сондай-ақ, ол қала үшін жаңа мүмкіндіктерге назар аударды. БҰҰ-ның Жаһандық келісім-шарты Алматыға тұрақты экономикалық орта құру бөлігінде шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуға, БҰҰ ТДМ-ға қолжеткізу аясында инвестициялар тартуға және қалалық жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖАҢАНДЫҚ КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ 10 ҚАҒИДАСЫ

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық келісім-шарты компанияларға өздерінің ықпал ету салалары аясында адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы іргелі құндылықтар жиынтығын қабылдауды, қолдауды және іске асыруды ұсынады.

Бірінші, іскер топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдауға және құрметтеуге тиіс.

Екінші, іскер топтардың адам құқықтарының бұзылуына қатысу болмағаны жөн.

Үшінші, бірлестік еркіндігін және нақты жағдайды қолдауға және ұжымдық шарттар жасасу құқығын тануға тиіс.

Төртінші, іскер топтар барлық мәжбүрлі және міндетті еңбек нысандарын жоюды жақтауы керек.

Бесінші, балалар еңбегін толығымен жоюды жақтауы тиіс.

Алтыншы, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюды жақтауы қажет.

Жетінші, сақтық принципіне негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдағаны жөн.

Сегізінші, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдауы тиіс.

Тоғызыншы, іскер топтар дамуға және таралуға ықпал етуі қажет.

Онныншы, сыбайлас жемқорлықтың барлық түріне, соның ішінде бопсалау және паракорлыққа қарсы тұруы керек.

ҚОР БИРЖАСЫ

Қазақстан қор биржасындағы мемлекеттік құнды қағаздардың кірістілік қисық сызығы инверсия көрсетті. Бір ауыз сөзбен айтқанда, Қаржы министрлігі нарыққа ұсынатын қысқа мерзімді облигациялардың жылдық кірістілігі ұзақ мерзімді қарыз қағазынан көп болып тұр.



**Айбар
ОЛЖАЕВ**


Қысқа мерзімді облигациялардың қазіргі кірістілігі 15,37 пайыз. Ал үш жылдық облигацияның орташа кірістілігі 12,71% болғандықтан, үш жылдағы спред 2,66-ға дейін барды. Егер 10 жылдық облигацияны алсақ, кірістіліктің 10,6% деңгейіне дейін түсетінін байқаймыз. 25 жылдық мерзімде кірістілігі одан әрі 9,8 пайызға құлдырайды.

Классикалық, нарықтың өсу жағдайында кірістілік қисығындағы ұзақмерзімді облигациялар бойынша кірістілік қысқамерзімді облигациялардікінен қарағанда біршама көбірек болады. Себебі, ұзаққа берілер қарызда біршама тәуекел бар екені ескеріліп, купондық сыйақы мөлшеріне тәуекел премиясы қосылып отырады.

Мемлекеттік құнды қағаздардың биржаға шығуына, оның кірістілігін белгілеуге Қаржы министрлігі жауапты. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік облигациялар Қаржы министрлігінің ішкі нарықтан қарыз алу құралы

ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Базалық мөлшерлеме деңгейі төмендейді



болып табылады. Егер таза нарық жағдайында кірістілік сызығының инверсиясы рецессияның сигналы болып қабылданса, біздегі мемлекеттік облигация нарығында жағдай басқаша деп айтар едім.

Қазақстан инфляциямен күрес режимінде отырғандықтан жоғары базалық ставкалар фазасына енді. Қазіргі базалық ставка –

16,75%. Бірақ Ұлттық Банк соңғы уақытта нарыққа өте түсінікті сигнал беретін болған. Өз төрағасының аузымен Ұлттық Банк «егер инфляцияның беті бері қайта бастаса, жылдың екінші жартысынан бастап базалық ставканың да төмендеуіне еш кедергі жоқ екенін» жасырмай жеткізген болатын. Шілде айының қорытындысы бойынша біздегі жыл-

дық инфляция 14% деңгейіне тұрақтады. 2022 жылдың соңында инфляция 20,3 пайызға шарықтап кеткеннен кейін, биылғы жылдың басында базалық ставка 16,75% деңгейіне дейін күрт өскені белгілі. Одан бері алты ай өтті де, инфляция деңгейі 6,3 пайызға бірден төмендеді. Соған қарағанда, енді базалық ставка да жайлап төмен түсетінін болжай аламыз.

Егер болашақта базалық ставка түсетін болса, облигациялардың кірістілігі де соған сай төмендеуі тиіс. Бұл жағдайда, кірістілік сызығын құрған Қаржы министрлігі ұзақ мерзімді облигацияларға қысқа мерзімдікіндей жақсы кірістілік бере алмайды. Себебі, онда мемлекет мүддесіне қарсы ойнағандай болып шығады. Ал инвесторлар үшін қазіргі кірістілікті бекітіп, ұзақмерзімді қағаздар сатып алу тиімді. Мемлекеттік құнды қағаздардың қор биржасының корзинасында екенін ескерсек, оны номиналынан қазірдің өзінде қымбатқа сатып, жақсы табыс алуға болар еді.

Бір ауыз сөзбен айтқанда, АҚШ, Еуропа, Жапониядағы кірістілік сызығының инверсиялары рецессияның жақындап келе жатқанын білдірсе, біздегі инверсия Қаржы министрлігінің болашақта базалық ставканың түсетінін білетіндігін және бекер шығындалғысы келмейтінін байқатады. Яғни классикалық қаржы нарығынан біршама ерекшеленетін бұл құбылысты «қазақ инверсиясы» деп атауға да болады.



МӘСЛИХАТ

Нұржамал
ӘЛШЕВА

(Басы 1-бетте)

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов атап өткендей, өтемақы сумен жабдықтау, су бұру, газ, жылыту және т.б. сияқты қызметтердің 12 түрі бойынша тарифтердің көтерілу айырмашылығын жабатын болады.

Мысалы, пәтері 40 ш.м. болатын азаматтарға тарифтердің өсуі 110%-ға 60 ш.м. – тарифтердің 90%-ы, 70 ш.м. тарифтердің 80%-ы жабылады.

Осы Ережелер биыл жылдың соңына дейін қолданыста болады, одан әрі ұзарту



АЛМАТЫ – КӨШ БАСЫНДА

Қалалық Мәслихаттың кезектен тыс VII сессиясында маңызды әлеуметтік мәселелер талқыланды

№ к/с	Аудан атауы	Атуанша адам	Төлем мөлшері, теңге	Ай саны	сума, мың теңге
1	Алатау	38 450	1 725	6	397 950
2	Алматы	42 270	1 725	6	437 490
3	Буюмба	59 940	1 725	6	620 441
4	Бостандық	51 073	1 725	6	528 600
5	Жельсу	29 503	1 725	6	305 358
6	Медеу	35 634	1 725	6	368 812
7	Наурызбай	18 374	1 725	6	190 171
8	Түркістан	40 189	1 725	6	415 963
	жалпы	315 430	1 725	6	3 264 791

Алматы қаласының 2024–2026 жылға арналған бюджетін әзірлеу кезінде қаралады.

«ОҢАЙ» ОҢТАЙЛЫ БОЛЫП ТҮР

Алматыда қоғамдық көлікте жүру құны өседі. Бұл туралы да мәслихат сессиясында қала әкімінің орынбасары Асқар Әмрин айтты. Спикердің сөзінше, тасымалдаушылардың шығыны артқанына қарамастан, Алматыда жол жүру құны 11 жылдан астам уақыт бойы өзгермеген.

Осы мерзім ішінде бағыттарға қызмет көрсетуге байланысты барлық баптары бойынша кеткен шығындар 3 есеге артқан. Мысалы, 2012 жылы дизель отынның бағасы 90 теңгені құраса, қазір оның бағасы 295 теңге, ал газдың құны сол кезде 33 теңге болса, бүгінде 108 теңге. Жалпы өсім 3,3 есеге құрады. Осыған ұқсас жағдайлар автобустардың, шиналардың, жағармай материалдарының, автобустарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің және т.б. құнының өсуіне орай қалыптасты.

Осы орайда айта кетсек, Астанада қоғамдық көлікте жүру құны – 90 теңге (арнайы платформамен) және 180 теңге (қолма-қол), осыған ұқсас ШҚО-да – 90 не 130 теңге, Жамбыл облысында – 85 не 130 теңге, ал Қостанай облысында – 100 теңге және 170 теңге мөлшерінде белгіленген.

«Ағымдағы тариф тасымалдаушылардың шығынын өтемейді. Себебі, жол жүрудің нақты құны бекітілгеннен 3 есе қымбат. Осыған байланысты әкімдік ай сайын тасымалдаушылардың шығыстарын субсидия түрінде жауып келеді. 2020–2022 жылдары төленген субсидиялар сомасы 115,8 млрд теңгені құрады. Инфляцияның, жанар-жағар май бағасының өсуі мен қосалқы бөлшектердің шығынын ескере отырып, төленетін субсидиялар сомасы жыл сайын 10-нан 30%-ға дейін ұлғаяды», – деді А.Әмрин.

Ол сондай-ақ, жолаушылар үшін қоғамдық көлікте жол жүру құны 20 теңгеге артатынын мәлімдеді.

«Қолма-қол ақшасыз төлеммен – 100 теңге, қолма-қол төлеммен 200 теңге мөлшерінде жаңа тарифтерді қолдану биылғы субсидиялар сомасын шамамен 10 млрд теңгеге төмендетуге мүмкіндік береді. Оларды басқа да әлеуметтік маңызы бар жобаларға қайта бөлуге болады», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин.

Айта кетейік, «Алматы көлік холдингі» ЖШС дерегіне сүйенсек, жолаушылардың шамамен 97%-ы жол жүру ақысын «Оңай» картасымен, оның ішінде «Оңай» қосымшасында QR-код немесе SMS-хабарлама арқылы төлейді. Жалпы, қоғамдық көлікті күніне 1,4 миллионға дейін адам пайдаланады.

НЕГІЗГІ ДОНОРЛАРДЫҢ БІРІ

Мәслихат сессиясында Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин Алматы салықтары республикалық бюджеттің 28%-ын қамтамасыз етіп отырғанын және біздің мегаполис ел бюджеті үшін негізгі донорлардың бірі болып қала беретінін ерекше атап өтті.

Алматы бірнеше жылдан бері республикалық бюджетке берілетін салық түсімдері бойынша көшбасшылардың бірі болып келеді.

«2023 жылы мемлекеттік бюджетке түсетін қаржы көлемі шамамен 3 трлн теңгені құрады, оның ішінде республикалық бюджетке – 2,1 трлн теңге немесе 72%. Қаланың жергілікті бюджетіне түсетін түсімдер 129%-ға асыра орындалды және 843 млрд теңгені құрады», – деді А.Әмрин депутаттар алдында сөйлеген сөзінде.

Кіріс көзінің жоғары қарқынмен өсуін ескере отырып, мегаполис үшін жалпы сомасы 81,9 млрд теңгеге негізгі жобалар-

ды қосымша қаржыландыруға мүмкіндік туды.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Алматыда апатты ағаштарды анықтау үшін заманауи технологиялар қолданылады. Биыл қала әкімдігі қауіпті, шіріген және ескі жасыл желектерді уақытылы жою және қауіптілігін ерте анықтау үшін тиісті құрылғылар сатып алады. Жасыл қорды жаңартуға қаражат Алматы қаласының Даму жоспарына сәйкес жоспарлануда.

Алматының жасыл қала атауын қайтару үшін жұмыс жоспарлы түрде жүргізілуде. Апатты ағаштар кесіліп, жойылған ағаштардың орнына 10 жас ағаш отырғызылады. Биыл, мысалы, қала тұрғындары мен олардың мүлкінің қауіпсіздігі үшін 17 мыңға жуық ағаш кесіледі. Өзегінің және тамырының шіруі салдарынан олар кез келген уақытта өтіп бара жатқан адамдардың үстіне құлап кетуі мүмкін. Бұл орайда бірінші кезекте балабақшалар, мектептер, ауруханалар мен мемлекеттік мекемелердің жанындағы магистральдық көшелерге қызмет көрсетіледі. Ағаштарды кесу тізімі қалалық Экология және қоршаған орта басқармасымен, сондай-ақ тұрғындар мен қоғам белсенділерінің өтінімдері бойынша жасалады.

Биыл апатты ағаштарды кесу жұмыстарына 35-тен астам техника (автокөтергіштер, самосвалдар) және 180-ден астам адам жұмылдырылды. Біқтимал қауіпті ағаштарды анықтау кезінде институттардың ғылыми қызметкерлерін тарта отырып, талдау жүргізіледі. Енді бұл жұмыстарды жақында заманауи технология құрылғылары жеңілдететін болады. Сонымен, резистограф құрылғысы ағаштардағы шіріген жерін және ішкі ойықтарын анықтай алады. Ал импульстік томограф тамыр жүйесінің зақымдануын және ағаштың нақты күйі мен өміршеңдігін анықтайды.

Құрылғылар апатты ағаштарды кесу процесінде өте тиімді, бұл кейіннен қаладағы жазатайым оқиғалардың алдын алуға, сондай-ақ қала инфрақұрылымы мен азаматтардың мүлкіне зиян келтірмеуге ықпал етеді.

ҚИЫН СӘТТЕ БІРГЕМІЗ

Сирек кездесетін аурулары бар 500-ден астам пациент бюджет есебінен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі. Бұл туралы мәслихат сессиясында Алматы қаласы Қаржы басқармасының басшысы Қанат Сухамбеков мәлімдеді. Оның айтуынша, денсаулық сақтау саласына қосымша 3,8 млрд теңге бөлу ұсынылады, бұл қаражаттың бір бөлігі орфандық аурулары бар адамдардың қажеттіліктеріне бағытталады.

«Сирек кездесетін (орфандық) аурулардың 8 түрі бойынша 553 пациентті тегін дәрілік заттармен қамтамасыз ету үшін 495,3 млн теңге қарастырылған», – деп нақтылады Қанат Сухамбеков.

2017 жылдан бастап жергілікті бюджет есебінен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қажет ететін орфандық аурулары бар науқастардың саны 40 еседен астам өсті. 2017–2022 жылдар кезеңінде қаржыландыру сомасы 8 есеге артты және өсуін жалғастыруда.

Алматыда 5 денсаулық сақтау нысанының құрылысын бастау жоспарлануда, жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге 158,3 млн теңге қарастырылған.

Орталықтандырылған зарарсыздандыру бөлімшелерін жарактандыру және медициналық жабдықтарды сатып алу үшін 12 медициналық ұйымға жалпы сомасы 2,3 млрд теңге болатын ұйымға қаражат бөлінеді.

МӘДЕНИЕТТІҢ ЖАЛАҚЫСЫ ӨСЕДІ

Алматы мәслихаты биылғы тамыз айынан бастап қалалық Мәдениет басқармасының ұйымдары мен кәсіпорындары (хайуанаттар бағы, цирк, куыршақ театры, «Алатау» дәстүрлі өнер театры, мемлекеттік мұрағат, кітапхана, музейлер бірлестігі, «Алматы әуендері») қызметкерлерінің жалақысын 30%-ға ұлғайту туралы шешім қабылдады. Қазіргі уақытта мәдениет саласы қызметкерлері жалақысының орташа деңгейі 138 мың теңге.

Мәдениет басқармасы өкілдерінің хабарлауынша, жас мамандар жалақының аздығынан жұмыста көп тұрақтамайды және бұл өз кезегінде жас білікті кадрларды тәрбиелеуді қиындатады. Сондықтан Алматы қаласы Мәдениет басқармасының ұйымдары, кәсіпорындары қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеу мәселесі Алматы қаласы Мәслихатының қарауына ұсынылды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ҚАЗАНДЫҚТАР ҚУАТЫ АРТАДЫ

«Алматыжылужайэнерго» компаниясына қосымша қаражат бөлінді

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті «Алматыжылужайэнерго» ЖШС нысандары бойынша 2023 жылғы инвестициялық бағдарламаның орындалуына байланысты баспасөз турын өткізді.



Айнабай
МӘДИ

Осыған орай департамент аталған іс-шараға мәслихат депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық бірлестіктер өкілдерін шақырды. Оған тәуелсіз сарапшылар, бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері қатысты.

Осы ретте бірінші аумақтағы «№47 мектеп», екінші аумақтағы «№48 мектеп» қазандықтарына барып ыстық су, жылу беретін жабдықтардың жай-күйін өз көзімізбен көрдік.

«№47 мектеп» қазандығында КСГ-0,63 маркалы екі бірдей қазандық компанияның өз күшімен ауыстырылған. Келісім-шартта көрсетілген қаржы көлемі – 10 млн. 611 мың 25 теңге. Жұмыс 15 маусым – 15 шілде аралығында жүргізіліп, 100 пайызға аяқталды. Соның нәтижесінде негізгі және қосалқы жабдықтардың тозуы кеміді. «№48 мектеп»

қазандығында Riello-350 бір дана қазандық компанияның өз күшімен ауыстырылды. Келісім-шартта көрсетілген қаржы көлемі – 2 млн. 286 мың теңге. 10 маусым – 20 шілде аралығында жұмысы істеліп, 100 пайыз бітті.

Мемлекеттік сатып алу рәсімі қорытындысында 27 489,37 мың теңге үнемделді, бұған нысандардағы жұмысты «АЖЖЭ» ЖШС-нің қазандық жабдықтарын жөндеу қызметі өз күшімен атқарғаны да сеп болды.

«Тарифтерді ескере келе, инвестициялық бағдарлама аясында «Алматыжылужайэнерго» ЖШС-іне қосымша қаражат бөлінді. 2023 жылға инвестициялық бағдарламамен 1 млрд 895 млн теңге қарастырылды. Қосымша шараларға 1 млрд 600 млн теңге қаралды. Соның ішінде 1 млрд 157 млн теңге – бюджет қаражатынан. Жыл соңына дейін кәсіпорын жабдықтарының тозуы 1,2 пайызға кемиді деп күтілуде. 1 шілдеден, сондай-ақ, 1 тамыздан бастап «Алматыжылужайэнерго»-ның тарифі өзгерді. Алматылық тұрғындарға кәсіпорынның тарифі 20 пайызға дейін өзгерді. Аталған кәсіпорынның осы күнгі тозу көрсеткіші 67 пайызды құрайды», – деп мәлімдеді Алматы қаласы бойынша Табиғи монополияларды реттеу департаментінің басшысы Әсел Бөденева.

«АЖЖЭ» ЖШС қазандықтары Алматы қаласының тұтынушыларын (8 117 абонент) жылумен, ыстық сумен қамтамасыз етеді. Биылғы 1 тамызда қалыптасқан 1564,4 Гкал/сағ. қуат беретін қазандықтар орнына 17,54,3 Гкал/сағ. қуатты қазандықтар орнатылды. «Алматыжылужайэнерго» ЖШС берген техникалық жағдай негізіндегі перспективалық жүктеме – сағатына 342,7 Гкал.

● КЕРЕК ДЕРЕК

● «Алматыжылужайэнерго» ЖШС – табиғи монополия субъектісі ретінде энергия өндіруші компания. Кәсіпорынның 99,98 пайыз акциясы – мемлекеттік бағыныстағы «Алматы қалалық Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» КМК-не, 0,02 пайызы – миноритарлық акционерге тиесілі.

– «№48 мектеп» қазандығы 1964 жылы салынып, іске қосылған. Маусымаралық жөндеу кезінде мектеп ғимараты жөнделіп, көлемі үлкеюіне байланысты, қазандық көлемін де үлкейтуге тура келді. Міне, осындай нормативінен асқан қазандықтарды алып, ауыстырамыз. Бұл мектепке де қуаты жоғарылау екі қазандық орнатылды. Биыл қазандықтың қуаттылығын 0,63-тен 0,9 гкал/сағ.-қа дейін көтердік.

Сондай-ақ, сорғылар тобы да толықтай жаңаға ауыстырылды. Сол сияқты, суды химиялық тазалау, жұмсарту қондырғысы да толық ауыстырылды. Мектеп көлемі үлкеюмен бірге жылуға берілетін су көлемі де ұлғаяды, – дейді «Алматыжылужайэнерго» ЖШС қазандықтарды пайдалануды басқару басқармасының басшысы Абзал Жағыпаров.

● БРИФИНГ

САЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ТАПСЫРУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ

Жуырда, дәлірек айтсақ, 15 тамызда салық есептілігін тапсыру мерзімі аяқталады. Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдері Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте осы жөнінде және салық төңірегіндегі мәселелер туралы айтты.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Есепті «Салық төлеушінің кабинеті» веб-қосымшасы арқылы ұсынуға болады (cabinet.salyk.kz), қағаз түрінде, сондай-ақ eSalyq Business, Halyk Bank мобильді қосымшаларының көмегімен жүзеге асырылады.

«Салық төлеушілер тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті қоспағанда, электрондық нысанда табыс етілген жағдайда салық есептілігін табыс ету мерзімін ұзартуға құқылы. Бұдан басқа, арнаулы салық режимдерін қолданатын жеке кәсіпкерден басқа, тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша тәуекелдердің жоғары деңгейі бар салық төлеушіге қатысты салық есептілігін табыс ету мерзімі ұзартылмайды. Салық төлеушінің сонымен бірге, қызметті тоқтата тұруды рәсімдей алатын заңды мүмкіндігі бар», – деді Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы Бактыгүл Сейтова.

Спикер салық нысаны үлгілері туралы да

айтып өтті. Мәселен, 200.00 үлгісі – «Жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация» нысаны салық агентінің орналасқан жері бойынша салық органдарына электрондық түрде веб-қосымша арқылы тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей беріледі. Ал 910.00 үлгісі – «Шағын бизнес субъектілері үшін жеңілдетілген декларация» нысаны салық төлеушінің орналасқан жері бойынша салық органына есепті салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей табыс етіледі. Оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолдануға арналған салық кезеңі жарты-жылдық болып табылады. Шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларацияны оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимін қолданатын шағын бизнес субъектілері, заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер жасайды. Спикер 300.00 және 913.00 үлгілері туралы да тоқталып кетті. Сондай-ақ, департамент «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне сәйкес салық есептілігі ұсынылмаған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын еске салды.

● МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Алматы қаласы әкімі аппаратының тапсырысымен Мемлекеттік тілді дамыту институтының ұйымдастыруымен қазақ тілін тегін үйрететін курс өз жұмысын бастады.



ҚАЗАҚШАНЫ ТЕГІН ҮЙРЕТЕДІ

Онда 18 жасқа толған мемлекеттік қызметшілер, қала тұрғындары, түрлі этнос өкілдері және кәсіпкерлік (сауда-ойын сауық орталығының, қызмет көрсету және қоғамдық тамақтандыру) саласының қызметкерлері оқи алады.

Оқыту тамыз-желтоқсан аралығында,

онлайн және офлайн форматта, тілді меңгеру деңгейлері бойынша топтарға бөлініп, әр топқа аптасына 2 рет жүргізіледі. Қазақ тілі курсы қаладағы аудан әкімі аппараты ғимараттары мен аудандар аумағындағы кітапханаларда өтеді.

ҚАЗАҚША ҮЙРЕНГІСІ КЕЛЕТІН ЖАНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

- Мемлекеттік тілді дамыту институты – 8 776 830 03 67, 8 747 793 52 64.
- Алатау әкімі аппаратының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі – 299-86-49;
- Алмалы ауданы бойынша – 8 776 830 03 67;
- Әуезов ауданы – 303-25-58;
- Бостандық ауданы – 275-50-68;
- Жетісу ауданы – 384-27-54/75; 8 700 770 70 73;
- Медеу ауданы – 291-64-34;
- Наурызбай ауданы – 307-45-53; 8 708 767 97 41;
- Түрксіб ауданы бойынша – 223-11-15.



АБАЙ КҮНІ

АДАМЗАТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Ұлы ақын, ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 178 жыл

Халықтың жадында
мәңгі сақталады

Әр халықтың ұлы ақын-жазушылары жетерлік. Мәселен, немісте Гете, орыс халқында Александр Пушкин, ал қазақта хакім Абай бар. Бұлардың баршасы халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, қоғамдағы ащы шындықты өлеңмен суреттеді. Білімсіздік пен надандықты сынады. Соның нәтижесінде халықтың жадында мәңгі сақталды. Бүгінде біз қазақтың бас ақынын қаншалықты тани алдық?!

Әр дәуірде өзінің айрықша туған ұлдары болады. Бірі батыр болып елді жаудан қорғайды. Ендігісі шешен болып, даудамайды әділ-төрелігі арқылы шешеді. Келесісі ел қамын жеген ақынға айналады. Осылай тізімді ұзарта беруге болады. Дегенмен, бұл өмірде әрбіріміздің өз миссиямыз бар.

Ал дүниеге өзінің кемелгерлігі, ақыл-парасаты, ойшылдығымен танылған хакім Абайдың жөні бөлек. Ұлы ақынның мұраларында сан-сауалдарға жауаптар табылады. Сонау XIX ғасырда айтып кеткен философиялық ойлары әлі күнге дейін шамшырақ болып келеді. Шығыс пен Батыс идеологиясын қатар пайымдаған алып тұлғаның ой-өрісіне әлі жете қоймадық десек, артық емес.

Кемел адам ұғымын
түсіне алмай келеміз

Ғаламда аты мәшһүр тұлғалар көп делік. Қарасаң, бәрінің де атынан ат үркеді. Осы арада сұрақ туындайды. Сонда тарихта атын қалдыру бірінші мақсат па, әлде өзінің рухани жан дүниесін әлемге сыйлап, биік-белеске көтерілу маңызды ма? Біздің ше, екіншісі қисындырақ. Әлгіде айтқанымда тарихта миллиондаған, миллиардтаған адам болған. Бәрі де келді һәм кетті. Біреуінің ныспысын білеміз, ендігісі есте жоқ. Бірақ білмеген адамның құндылығы Жаратқан алдында төмен деуге келмейді. Сіз де он балаңыз болса, бөле-жармайсыз ғой. Қайта бәріне тең қарайсыз.

Біз Абайдың «Кемел адам» дейтін ұғымын түсіне алмай жүрміз. Қанша жерден айтсақ та, жазсақ та жұртшылықтың жүрек түпкіріне жетпей жатыр. Жастар шетелдің ақын-жазушыларына еліктейді. Орысша, ағылшынша өлең кітабын, том-том роман оқиды. Алайда, өзіміздің алып тұлғаларды біле бермейді. Негұрлым жастарға заңғар тұлғаларды насихаттасақ, соғұрлым қадірі артады.

Ғылыми тұрғыдан зерттейік

Хакім Абай ағамыз «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» дейді. Расында, осы ойдың тереңіне үңіле бермейміз. Кісінің кемшіл тұсын бірден көруге ынтықпыз. Ал ерекше жағын байқай бермейміз.

Бұл дүниеде бір ғана өлшем бар. Дәлірек айтқанда, ақиқатқа, рухани заңдылыққа жақын болуымыз керек. Адамды адамгершілікке итермелейтін қашанда игі қасиеттер. Бұл – шындық.

Абайдың «Толық адам» идеясына әлі көтеріле алмадық. Рухани кемелдену, таза ниетті болу, кісіге жақсылық ойлаудан қалып барамыз.

Қазақтың бас ақынының түрлі қыры айтылып келеді. Айтылудан кем болып жатқанымыз жоқ. Талай кітап шығып, диссертация қорғалды. Жалпы, тіл маман-

дары, философтар, әдебиеттанушылар да зерттеп жатыр. Осымен тоқтамайық. Әлде де, зерделей түсу керек. Неге? Өйткені, адамның өз-өзін һәм дүниені тануы ешқашан тоқтамайды. Өзі «Менде жұмбақ адаммын, оны да ойлап» деп тұр ғой. Онда «сіз де жұмбақсыз» дегенді мензейді. Іште жатқан рухани байлығыңызды тысқа көрсете алу, міне, осының бәрін мәселе етіп көтереді. Абайдың басқалардан артықшылығы, ол «осы дұрыс, осы ұғымда қатып қал» демейді. Қайта аталған ойларға дендеп, дамытуға шақырады. Әсіресе, «Жазғытұры», «Күз», «Қыс» сынды өлеңдерінде табиғатты ғажап суреттеп қана қоймай, өзінше кейіптейді. Ақын көзі солай көрсе, біздің көзқарасымыз сәл өзгеше болуы да ықтимал. Онда тұрған ештеңе жоқ. Мәселе, қоршаған ортаға пайда әкеліп, әп-әдемі ғұмыр сүре білуде. Өмірді қолдан қиындатып, әр нәрсені қазбалай беру оғаға жетелемейді.

карлыққа, жемқорлыққа жол бермейтін ұрпақ өсірейік.

Көбіміз Абайды гуманитарлық саланың ойшылдай көреміз. Десе де, нақты ғылым, технократия, кәсіпке қатысты ойлары тасада қалып жатады. Ақынның «мал тап», «кәсіп игер» деген пайымдауларына үңіле бермейміз. Бұл жөнінен экономика ғылымының докторы, академик Оразәлі Сәбденнің еңбектері орасан зор. Сол сияқты, тың дүниелерді әрі қарай дамыта түсу қажет. Дүние үнемі қозғалыста. Сәл аялдасаңыз, өзгелер басып озады. Сол себепті де, қай салада болсын, кідіріс жасауға болмайды.

Абай бір өлеңінде «қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп айтады. Демек, өз кемшілігін өзі мойындайды. Осы тақылеттес ойды Орта ғасырда сопылық ілімнің негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи айтып кеткен. Сонда ертерек әрекет еткенде «...Хак дидарын көрер едім» деген сияқты хикмет-



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫДА АБАЙ КҮНІ ҚАЛАЙ АТАЛЫП ӨТЕДІ?

Алматы қаласының Мәдениет басқармасы хабарлағандай, 10 тамыз «Абай күнін» мерекелеу аясында келесі іс-шаралар өтеді.

10.00-де Абай алаңында (*Достық және Абай даңғылдарының қиылысы*) Абай Құнанбайұлының ескерткішіне гүл шоқтары қойылады.

11.00-де орталық қалалық кітапханада (*Гоголь көшесі, 109*) Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Аналар кеңесі бірлесіп «Ұлы Абай халық жүрегінде» атты «дөңгелек үстел» өткізеді.

12.00-де «Алатау» дәстүрлі өнер театрында (*«Нұрқент» шағынауданы, 6*) «Абай мұрасы – қазақ қазынасы» әдеби-музыкалық қойылымы өтеді.

«С-шараға ғылым және шығармашылық адамдары, зиялы қауым өкілдері, Қазақстан халқы Ассамблеясының Аналар кеңесінің өкілдері, қазақстандық кино және театр актері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Болат Әбділманов** қатысады.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасы.

Біршама уақыт бұрын М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әдебиетші ғалымдары «Абай шығармаларының академиялық толық жинағын» шығарды. Жалпы, ғалымдардың еңбегін бағалаған дұрыс.

Сонымен қатар, «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» айтты. Ол тек бір ғана ұлтты сүюге үндемейді. Мейлінше, барша әлемдегі халыққа сүйіспеншілік нұрынды шаш дегісі келеді. Біз Абайдың денгейіне жету үшін тепе-теңдік ұстауымыз керек. Оған әлгіде айтып өткенімдей, әлі жеткен жоқпыз. Бәлкім, бір уақыттарда бұл денгейден де асатындар пайда болар. Ол жағы уақыттың еншісінде.

Өлеңдерінен
өмір шындығы көрінеді

Осы күні ұлттық құндылық, ұлттық болмысты айтып жүрміз. Бұл жөн-ақ. Алайда, құр ұрандата бермей, арғы жағына үңілейік. Сонда «Жаңа Қазақстан» бастамасын жете түсінеміз.

Елімізде қаншама жас-өрен өсіп келеді. Жауқазындай жайқалған қаракөздерімізді ізгілікке, адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелейік. Оны да жәй сөз ретінде айта бермей, өзіміз үлгі-өнеге болайық. Ұрлық-

терін жазып қалдырған. Ойшылдың «Диуани Хикметінде» бірқатар сұраулардың жауабы тұр. Соны оқысаңыз, ойыңыз шыңырауға жетеді.

Дүниедегі ұлылардың баршасы өзінің жетіспейтін тұстарын жасырмаған. Қайта ашып айтқан. Сондықтан кеткен кемшіліктен үялудың қажеті шамалы. Ұялма дегенде, қателігінді мойындамай, арысдыққа бар демейміз. Дұрыс емес жасадыңыз ба, дереу түзетуге тырысыңыз. Сонда ғана кемелденесіз. Дүниенің сыры қарапайымдылықта. Осыны естен шығармайық.

P.S.

Бұл ғаламның ғажабы ізгілікте. Негұрлым мейірбан ілтипатты болсаңыз, соғұрлым рухани жанару жолына қадам басасыз. Түбінде әр адам осы қасиеттер мен сезімдерді сезінер. Кез келген ақын, жазушы, ділмар, қарапайым адам түптің түбінде ақыл тоқтатады. Бұл – дүниенің жазылмаған заңдылығы.

Серік НҮРМҰРАТОВ,
философ-ғалым.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ЖУРНАЛИСТЕР
НАЗАРЫНА!

Алматы туралы үздік жарияланымдарға байқау басталады



Қаланың дамуына және өзекті қалалық мәселелерді жария етуге ерекше үлес қосқан республикалық және қалалық БАҚ өкілдері мен белсенді қоғам белсенділерінің арасында Алматы қаласы күніне орайластырылған байқауға өтінімдер қабылдау басталады. Байқауды Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі өткізеді.

Мақсаты – Алматы қаласының дамуы туралы үздік жарияланымдар, репортаждар, БАҚ және әлеуметтік желілердегі сюжеттер авторларын, белсенді қоғам қайраткерлерінің еңбегін бағалап, көтермелеу. Өтінімдер 2023 жылғы 10 тамыздан 10 қыркүйекке дейін қабылданады.

Өтінішті қоғам қайраткері, журналист, ұйым басшысы немесе БАҚ редакторы өзі бере алады, бірақ басқа адамдар да үміткерге өтініш бере алады.

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ ОН
НОМИНАЦИЯ БОЙЫНША
АНЫҚТАЛАДЫ:

- 1) «Алматы туралы жазатын үздік журналист».
- 2) «Алматының ең белсенді қоғам қайраткері».
- 3) «Қаланың ең белсенді қоғамдық ұйымы».
- 4) «Алматының үздік блогері».
- 5) «Алматы туралы үздік бейненің авторы».
- 6) «Алматының ең белсенді жастар қоғамдастығы».
- 7) «Алматы туралы үздік телеграм-арна».
- 8) «Алматының үздік паблигі».
- 9) «Алматыдағы өмірінен хабар тарататын үздік ақпараттық сайт».
- 10) «Үздік YouTube/ Алматы туралы TikTok-арна».

Конкурсқа журналистер, қазақстандық БАҚ редакторлары, оның ішінде әлеуметтік желілер мен платформа-лардағы жарияланымдар мен арналар, блогерлер, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, қоғам қайраткерлері қатыса алады, ең бастысы, олардың материалдары немесе қызметі Алматы қаласымен байланысты болуы қажет.

Өтінімдерді info@rsk.almaty.kz электрондық мекенжайына «Конкурсқа қатысу үшін» деп көрсетіп жіберу қажет.

Байланыс телефоны:
8 775 266 13 33.

Салтанатты марапаттау Алматы қаласы күніне орай өтеді. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ЗИЯЛЫНЫҢ СӨЗІ

Смағұл ЕЛУБАЙ:

шағасымен көмек сұрап отыр. Қазір Ауғанстан билігімен байланыс күшейіп келеді. Ұрымтал тұсты пайдаланып, біздің мемлекетіміз Ауғанстаннан Қазақстанға келемін деген қазақтарды тездетіп көшіріп әкелу керек. Анау-мынау құжатын сұратып бастарын ауыртпайық. Бір нәрсені шегелеп айтайын, қазақтың деп келді ме, ол – қазақ. Бітті, бұдан артық сауал болмауы қажет!

Демографияны қолға алайық

– Шетелден келетін ағайын демографияға әсер ете ме?

– Біз сындарды шақтарды бастан кешіп келеміз. Халық даналығында: «Екі түйе сүйкенсе, арасында шыбын өледі» деген бар. Мінеки, қос алып империялардың арасында өмір сүріп отырмыз. Осыдан-ақ қаншалықты геосаяси жағдайда тұрғанымызды бағамдай беріңіз. Халықтың саны артпай іс оңалмайды. Шынын айтайық, санымыз көбеймей тілдік орта қалыптастыра алмаймыз. Қайтсек те көбеюіміз шарт. Қазір қазақ елінің саны 20 миллионға жуықтады. Бұл – зор қуаныш!

1897 жылғы санақ бойынша қазақтың саны – 4 миллион болды. Сол кездегі табиғи өсіммен өсіп отырған кезде, большевиктер заманындағы қырған, Сталин бастап, Голощекин жүзеге асырған қолдан ұйымдастырылған ашаршылық болмаған кезде біз жүз миллионнан асып кетер едік. Сол кездегі 7 жүз мың өзбек табиғи өсіммен 36 миллионға жетіп отыр. Демографиялық апаттың зардабын тартқан біз ендігі жерде қандастарға шекарамызды ашып қоюымыз қажет. Бұл дүниеде қазақтың жанашары – қазақ қана.

Біздің тарихымызда 3 ашаршылық нәубет өтті. Аштықтан жұрт қынадай қырылды. Кәмпеске жасады. Зиялыларды репрессияға ұшыратты. XX ғасырдың басында 5 миллионға жуық адам жер жастанды. Жалпы, большевиктер оған

жаңа форматта ұйым керектігін айтқанбыз. Осы ойымыз осыдан 5-6 жыл бұрын жүзеге асты. Қазіргі таңда «Отандастар» қоры жұмыс істеп тұр. Сырттағы ағайынмен байланыс орнатылып отыр. Қандастарға грант беру, балаларын осындағы лагерьлерге тынықтыру – бәрі-бәрі үлкен шаруа.

Бір өкініштісі, «Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы» дейтін ұйымның үні естілмей кетті. Осы ұйым қайтадан жанданса дейміз. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы бәлкім биыл болатын шығар. Еуропа, Ресей, Моңғолияда жергілікті қазақтардың құрылтайы болып жүр. Ол өте дұрыс. Алайда, қазақ еліндегі құрылтайдың орны бөлек болуы тиіс.

Біз де сырттан келген қандастардың мәселесін көтеріп, айтып жүрген жігіттер жетерлік. Соның бірегейі Ауыт Мұхитбек, Дүкен Мәсімханұлы, Бекен Қайрат және т.б. Осындай жазушы-журналист, ғалым, белсенді азаматтар халық қалаулысы болса деп үн қосқанбыз. Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығынан Парламентте депутат болуға 5 квота бөлінсе екен.

Солтүстікке этникалық қазақтарды қоныстандырған дұрыс

– Теріскейдегі бос жерлерге сырттағы ағайынды қоныстандырудың тиімділігі неде?

– Солтүстікке қандастарды қоныстандыру жағдайымен күндіз-түні айналысайық. Жатсақ та, тұрсақ та ойлайтынмыз осы болуы тиіс. Қазақ айтады: «Бос жатқан жер жау шақырады». Анда-санда теріскейге дауласқандардың былапыт сөзін естіп қалып жүрміз. Желдің бағыты қайдан есетіні айтпаса да түсінікті. Сырттағы қаскөйлерге теріскейдегі жер маза бермей, көзге шыққан сүйелдей болып отыр. Кешегі революцияға дейінгі санақ бойынша солтүстіктегі қазақтың саны 80%-дан астам еді. Сталин

ҚАНДАСТАР МӘСЕЛЕСІН ТЕЗДЕТІП ШЕШУ ҚАЖЕТ

Дүние жүзінде өзінің этникалық жұртын тарихи атамекеніне тартып жатқан үш ел бар. Олар – Германия, Израиль және Қазақстан. Бұл өте құптарлық игі іс. Елімізде сырттан келетін ағайынға жағдай жасау, «қандас статусын» беру, оқу, жұмысқа квота бөлу оңтайланып та жатыр. Алайда, дәп дербестік алған шақтағыдай нөпір азайған. Ол жағы жасырын емес. Осыған орай Түркі дүниесі әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы, кинодраматург Смағұл ЕЛУБАЙБЕН тілдескен едік.

Сырттағы қазақтарды дереу елге көшіру керек

– Қандастардың мәселесі туралы не айтасыз? Алашты алаңдатқан осы жағдай қашан түбегейлі жүзеге асады?

– Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары сырт елде жүрген, тарыдай болып шашылған қандастарымыз елімізге көптеп келе бастады. Содан бері бір миллионнан астам ағайын атамекенге оралды. Бертін келе, бұл көш бәсеңдеді. Одан кейін «Жаңаөзен оқиғасы» болды. Сол жердегі бір мұнай компаниясының басшысы Түркіменстаннан келген қандастарды айыптады. Содан табан астында осы мәселеге қарсы шешім қабылданды. 5 жылға дейін азаматтық бермеу керек деген бастама көтерілді. Бұған қазақ зиялы қауымы өре түрегелді. Бұлай болмайтынын айтып, қарсы шықтық. Араға 2-3 жыл салып жүріп, қалпына келді. Бірақ сол оқиғадан кейін шетелден қазақтың көшіп келуі саябырсыды. Көш азайып қалды.

Қазіргі жағдайда азаматтық беруді тағы да ұзартып жатыр деген сыбыс бар. Бұл – үлкен қателік. Өз азаматтарын еліне алдырып жатқан елдер, керек десеңіз, ұшақтан түскен сәтінде паспорттың қолына береді. Соның бірі – Израиль. Шамамыз келгенше сырттан келетін халыққа әр нәрсені сұрап, жүйкесін жұқартпайық. Мәселен, Қытайдан келетіндерден «соттылығы жоқ» деген анықтама талап етеді екенбіз. Ал ондай анықтаманы олар ешқашан бермейтін көрінеді. Сонда бұл ашықтан-ашық кедергі келтіру болып табылады. Кезінде Кәрім Мәсімов екі мәрте үкімет төрағасы болды. Сол тұста сырттан келетін қазақтарға қатты кедергі жасады. Әлгіндегідей, күрмеуі шешілмейтін сұрақтарды қойған ғой. Мінеки, осындай талаптар кесе-көлденең шыққанда, көш өзінен-өзі тоқтайды.

Бір топ Ауғанстандағы қазақтар виза сұрап жүр. Ауған қазақтарын тыңдаған ешкім байқалмайды. Ондағы этникалық қазақтар біздің ағайынымыз. Кезінде көбісі сонда барып, тұрақтап қалды. Әлеуметтік желілер арқылы үлкен апа бала-



дейінгі патша өкіметінің империялық саясатын өзгертпей, қайта оны үдетті. Империялардың мақсаты – өзге халықты жұту, құрту. Сондықтан қызыл империя бұрынғы ақ империядан асып түсіп, зұлым, зұлым болды. Шын мәнінде бізді жоюға бірталай ғана қалып еді. Данышпан ата-бабаларымыз «Орнында бар оналар, тегінде бар теңелер» деп тегін айтпаған екен.

Тағы қосып өтейін, «Сан бар жерде сапа бар». Бізге тезірек көбеюден артық ештеңе қалған жоқ. Қандастарды шақырсақ сан да, сапа да артады. Халықтың қауіпсіздігі қорғалады. Тағы қайталап айтайын, қазақтың жеріне сырттан жүз миллион қазақ келсе де, сыйып кетеді.

Соңғы кездері, қопбалалы аналарға жағдай жасалып келеді. Өте дұрыс! Одан да күшті жағдай жасалу керек деп ойлаймын. 3 баладан артық бала табатын әйелдерге жалақы тағайындау қажет. Көп баланы бағып-қағу, адам ету – үлкен еңбек. Әзірше алтын құрсақты аналар тууды тоқтатқан жоқ. Отбасының ұйытқысы болып отырған қопбалалы қазақ әйелдеріне бас иеміз.

Қандастарға Парламенттен квота бөлген жөн

– Заң шығарушы билік тармағына қандастардан депутат сайлайтын кез жетті ме?

– Бір кездері шетелдегі қандастармен байланысатын

саясаты бойынша Ресейдегі жерсіз отырған шаруаларды бізге әкеліп төкті. Солақай саясаттың нәтижесінде санымыз кеміді. Мысалы, еврейлер әлемдегі еврей ұлтының қайда тұратынын біледі, қарасады. Оларға жағдай жасап, байланысты үзбейді. Израильге көшіп келсе, төлқұжатын бірден береді. Әлеуметтік мәселесін шешеді. Осы дұрыс жол. Шетелдегі қазаққа да осындай игі іс жасайық.

Шыңтауытына келгенде, Ресейдегі Самар облысының қазақтарына күйеу болып келемін. Олармен барыс-келіс мықты. Десе де, ондағы қазақ жастары орыстанып барады. Жыл сайын қаншама қазақ ұрпағын жоғалтып отырғанымызды білмейміз. Өйткені, Ресейде бірде-бір қазақ мектебі жоқ. Бізде бір мектепті жапсаң, шу ете түседі. Ол жақта 1,5 миллионға жуық қазақ бар болса, неге бір мектеп жоқ?! Мұны да мемлекеттік деңгейде көтеруге болады. Соған қарамастан азаматтар қазақ құрылтайларын өткізіп жүр. Бірақ онымен қазақшылықты сақтап қалу қиын.

Сырттан ағайын келіп қосылса тіл, діл, әдет-ғұрып мәселесі шешілер еді. Қытаймен визасыз режимді пайдаланып, қытай қазақтарын Қазақстанға көшіру қажет. Сондағы 1,5 миллионнан астам қандастардың тағдырын еш уақытта ұмытпайық. Бұл дүниеде ештеңе мәңгі емес. Державалар да ыдырайды. Қасық қанымыз қалғанша қасиетті Отанымызды қорғап, әлеуметтік жағдайымызды түзей берейік. Қазақстанымыз қуатты елге айналсын!

Сұхбаттасқан Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



АҚЖОЛТАЙ АҚПАРАТ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЗАМАНАУИ АВТОБУСТАР ҚАТАРҒА ҚОСЫЛДЫ

Алматыда 100 мектеп және 100 қалалық бағыттағы қоғамдық көліктер жолға шығуға дайын

Алматыда алғаш рет мектеп жасындағы балаларды тұрғылықты жерінен білім беру мекемесіне және кері қарай тасымалдау үшін мектептерді автобуспен қамтамасыз ету жөніндегі ауқымды ұшқыр жоба жүзеге асты. Бұл жоба мектептен шалғай тұратын жас шәкірттер мен оқушыларға бағытталған. Осы мақсатта Алматы қаласының коммуналдық көлік паркі 100 мектеп автобусын сатып алды. Бұл қоғамдық көліктер халықаралық қауіпсіздік стандартына сай келеді.



Айнабай
МӘДИ



● КЕРЕК ДЕРЕК

«Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасы мен 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаға» сай, 2023 жылы автобустардың жалпы саны – 100 бірлікті құрайтын 30 білім беру ұйымында «Мектеп автобусы» жобасын енгізу жоспарлануда (Мәселен, 2024 жылы – 41 мектеп, 150 автобус, 12 мың бала).

Автобус бағыттары мектепке тасымалдауды қажет ететін барлық баланы қамтитындай етіп жасалған. Бір жолдың бойында тұратын мұғалімдер эскорт (алып жүру) қызметін атқарады. 2023 жылы жалпы қабылдау 7722 оқушыны құрайды.

Бүгінгі таңда 29 мектептің ішінде 7 мектеп (№189, 32, 162, 53, 200, 193, 210) «Алматыэлектротранс» ЖШС-мен балаларды тасымалдауды ұйымдастыруға келісім-шарт жасасқан, қалған 22 мектепте конкурстық рәсім жүргізілуде, ол ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейін аяқталады.

Жас жеткіншектерді дiттеген жерге жеткізу жолбасшы педагогтың қатысуымен жүзеге асатын балаларды тасымалдау ережесіне сәйкестендірілген. Оқу жылы басталғанша, қалалық Мобильділік басқармасы Білім басқармасымен бірлесіп, қаланың барлық ауданындағы 100 мектептің автобустарды пайдалану жөніндегі конкурстық рәсімін бітіруді жоспарлап отыр.

Жобаны іске асыру мынадай мақсатқа қол жеткізуге арналған:

- Мектеп оқушыларының қауіпсіздік деңгейін (ата-аналардың таксиді өз бетінше пайдаланудан бас тартуы, автобуспен балаларының алаңсыз жүруі) арттыру;
- Ата-аналардың балаларын оқу орнына жеткізуі тұрғысында «жөгі жеңілдеуі»;
- Қарбалас уақытта қозғалыс ауырлығын азайту.

– Мектеп автобустарының қатарға қосылуы әлеуметтік түйінді ғана емес, экономикалық және экологиялық мәселені де шешуге көмектеседі. Оқушылар тасымалына осы бағытқа баратын мұғалім жетекші әрі эскорт қызметін атқаратындықтан, ата-аналар да дән риза. Бұл жағдай

әрбірден соң қаладағы автокөлік қозғалысының азаюына сеп. Арнаулы мектеп автобусы 41 орынды. Түрегеліп тұратын балаларды қосқанда, бір бағытта жүз оқушыны жеткізе алады. Дизельмен жүрсе де, автобус еуростандартқа сай. Мұнда бұрынғыдай еріту аппараты жоқ, жанармай толық жанып кетеді, демек экологиялық жағынан тиімді, – дейді «Алматыэлектротранс» ЖШС пайдалану бөлімінің басшысы Исхан Иманбеков.

Сонымен қатар, қалалық автопарктің жылжымалы бірлігін жаңарту мақсатында Алматының қалалық бағыттарына арналған он және он сегіз метрлік 100 автобус жеткізілді. Он метрлік автобустар «Таза қаланы» дамыту тұжырымдамасы аясында дизельді автокөліктерді ауыстырады. Бұл автобустар №24, 125, 31 бағыттарда қолданылады. Он сегіз метрлік «сырнай» автобустар магистральды бағыттағы: №38, №38А және №37 автокөліктерді ауыстырады. Аталған автокөліктерді автожеліге шығару холдингтің техникалық мамандары «Оңай» жабдығын орнатып, қалалық көлік базасына енгізген соң жүзеге асады. Айтпақшы, биыл жыл соңына дейін газбен жүретін 500 жаңа автобус жеткізіледі деп күтілуде.



НЕ?

«КӨҢІЛДІ ҚОНЖЫҚТАР»



Өтетін орны:
Мемлекеттік қуыршақ театры (Пушкин көшесі, 63-үй).
Күні мен уақыты:
12 тамыз, сағат 14.00.



ҚАЙДА?

THE WORLD OF HANS ZIMMER



Өтетін орны:
Республика сарайы (Достық даңғылы, 56-үй).
Күні мен уақыты:
12 тамыз, сағат 19.00.



ҚАШАН?

BLAST TOUR



Өтетін орны:
Қапшағай су қоймасы (Алматыдан шығатын нүкте – «Астана» қонақүйінің қарама-қарсысы, Байтұрсынов көшесі).
Күні мен уақыты:
13 тамыз, сағат 07.30.



САЛТ-ДӘСТҮР

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛАҒАТЫ ҚАНДАЙ!



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Төрт жасар бала күніне орта есеппен 400-ден астам сұрақ қояды екен. Тағы бір қызық дерек – дүние есігін жаңа ашқан сәби көк түсті көрмейді. Өмірге енді келген бөбектің қолы бір айлық сәбидің қолынан әлдеқайда күшті әрі қатты болады екен. Жаңа туған нәрестенің жүрегі ересек адамдардың жүрегінен тезірек соғады.

Жапонияда балаларға дөрекі сөйлеуге болмайды. Ұлыбританияда біреудің баласына ескерту жасауға қатаң тыйым салынған. Бразилияда баланы қатаң жазалау түрлерінің бірі – футбол ойнатпау. Жақсы. Енді өзімізге келейік.



Құлақ тесіру

– Тәте, Асылымның құлағын қашан тесірсем болады, – деп сұрады сіңілім, төрт айлық қызым тезірек өссе екен деп армандап жүр. – Көрші әйел қызының құлағын алты айлығында тесіріпті. Ал сіз Шұғылаңыздың құлағын қашан тесіріп едіңіз?

– Алты айлық деген тым ерте шығар?! Мен Шұғыланың құлағын бір жасқа келгенде тесіргенмін.

– Өзі нәп-нәзік еді, жылаған шығар, ә?

– Жыламағанда! Бірақ қазір баяғы біздің бала күніміздегідей тарымен уқалап отырып, кәдімгі инемен тесе салмайды ғой. Бүгінде барлық сұлулық салонында құлақ теседі, көзді ашып-жұмғанда «пистолеттерімен» сырт еткізе салады, жылап үлгермей қалады әуелі. Тесу бойына сырғасын да сала қояды. Бірақ осы құлақ тесу туралы әркім

әртүрлі пікір айтады. Екі-үш жасында тесірген зиян, баланың жүйкесіне салмақ түсіреді дегенді естігенмін. Есі кірген жеті жастағы қыздың құлағын тесіріп, әлгі баланың оны ауырсынып, үрейленіп, екінші құлағына жолатпай қойған оқиға туралы да хабарым бар, – деп, білгеніммен бөлістім.

Ертеде қыз баланың құлағын тесу – оның өміріндегі айтулы күн болып саналған. Әдетте қыз баланың құлағын тесу үшін анасы, жеңгелері, апалары жиналған. Құлақты уқалап, жанын кетіріп, қыздырылған жуан инемен немесе кәдімгі тарымен тескен. Ол үшін екі тарыны құлақтың сырғалығының екі жағынан бірінің тұсына бірін дәлдеп отырып уқалайды. Тесілген құлаққа қызыл иттің жүнін есіп өткізген екен. Иттің жүнін өткізсе, құлақ іспейді, жара түспейді деген.

Қазақ қызының құлағын көп жағдайда жеті жасынан бастап тескен көрінеді. Есі кіріп қалған қыз бұл күнді іштей асыға күткен. Оған бүрмелі көйлекті құлағын тескен соң кигізетін болған. Сосын анасы: «Сен енді сырғалы қыз болдың», – деп, бойжете бастағанын құлағына ақырын сіңіре берген. Бұдан былай ол үй тірлігіне араласа бастайды. Қуыршақтың орнынан қолына кесте алып, ою оюды үйренетін болған. Демек, қыз баланың құлағын тек сәндік үшін, әдемілікке бола теспейді, ол да – тәрбие. Осыған дейін тұлымшағы желбіреп жүргенде оны баласынып ешкім елемей мүмкін. Ал құлағын тескен соң, үстіне көйлек-қамзол кигізіп, шашын өріп қойғаннан кейін оны қыз болды деп есептеп, үлкендер жағы әрқайсы өзінің бір өнегесін үйретуге тырысқан.

Сүндеттеу

Қазақ ұғымында қыздың құлағын тесу – ұлды сүндеттеумен бірдей деген қағида бар. Енді ұлды сүндеттеу жайына аз-кем тоқталайық. Сүндет – ислам дінінде ер баланың жыныс мүшесіндегі тері бөлшегін кесу арқылы жасалатын ғұрып.

Сүндетке отырғызу тек мұсылмандық жол емес, оның ер адамның денсаулығына, болашақ ұрпағының аман-есен өсіп-өнуіне де ықпалы зор екені дәлелденген. Ғалымдар сүндеттелмегендерге қарағанда сүндеттелгендердің қатерлі ісікке анағұрлым аз шалдығатынын айтып жүр. Себебі, баланың үрпіндегі рак ауруын тудыратын смегма деген ақ сұйықтық сүндеттегенде терімен бірге кетеді. Ал австриялық ғалымдар СПИД-ке шалдыққан еркектердің басым көпшілігі сүндеттелмегендер деген жаңалық ашқан болатын. Америка мамандары да сүндеттеу әдісінің несеп қуық жолдарында сирек кездесетін қатерлі, жұқпалы аурулардан, инфекциядан қорғайтындығын мәлімдеген.

Айтпақшы, бір кездері әлеуметтік желіде көнекөз қарияларымыздың айналамызда құлдыраңдап жүгіріп жүретін сүйкімді ұлдарға «әпшу берші!» дейтін байырғы сөзі біраз талқыға түскені бар. Пікірлер екіге жарылды: бірінші жақ оның астарында үлкен мағына жатқанын айтып, «ұл баланың жыныстық мүшесін осылай тарту арқылы оны сүндеттеуге дайындайды» десе, екінші жақ «керек болса оның ата-анасы бар ғой, бөтен адамға олай істеудің қажеті не, айдалада жүрген адамның баланың жыныс мүшесін ұстауы неткен сұмдық» деді.

Қалай десек те, қазақ ертеде «әпшу берші» деп әлі сүндеттелмеген 1–4 жас аралығындағы баладан сұраған. Бұл жаста бала әлі сүндеттелмегендіктен, кіші дәретке отырған сайын үрпісінің ұшында, яғни кесіліп тасталуы тиіс артық еттің арасында зәр қалып қояды. Ол зәр тазаланып тұрмаса, инфекциялық ауруларға әкеп соқтыруы мүмкін екен. Осыны ешқандай оқу оқып, тоқу тоқымаған ежелгі атам қазақ «әпшу берші» деп сылтау қылып, баланың шүмегіндегі зәрді сығып тастап отырған екен. Міне, осылайша инфекциялық аурудың алдын алса, екіншіден, зәр іш киімге тиіп былғамас үшін тазалап отырған.

Қазақ сүндетке отырғызған баласына арнап той жасаған. Сүндет тойдың басқа тойлардан ерекшелігі – тойға қонақтарды сүндеттелетін баланың өзі шақыратын болған. Бұл – оның есейгендігінің белгісі. Өз тойына шақырып келген жеткіншекке барған жерінде шашу шашқан.

Дәстүр бойынша осы күні балаға бастан-аяқ жаңа киім кигізіп, екі иығына үкі қадап, өзінің ашамайлы бәсірелі тайына мінгізген. Жанына бір-екі бозбаланы ілестіріп, ағайын-туғанға тойдың қуанышын жеткізуге жіберетін болған.

Иә, сүндет той – бала қарақұлақтанып қатарға қосылғандығынан бастап ат жалын тартып мініп, азамат атанғандығының алғашқы белгісі. Мұндайда ертеректе бай-болыстар ат шаптырып, балуан күрестіріп, ұлан-асыр той жасаған. Ал қарапайым шаруа адамы өз шама-шарқына қарай дастархан жайып, көрші-қолаңға қонақасы беріп, Құран оқытып, үлкендердің батасын алған. «Сүндет той – мұсылманға міндет той» деген сөз содан қалса керек.

Біздің қазақтың ұлағаты қандай керемет, ә?!



НЕ?



«ҰР, ТОҚПАҚ!»

Өтетін орны: Мемлекеттік қуыршақ театры (Пушкин көшесі, 63-үй).
Күні мен уақыты: 13 тамыз, сағат 14.00.

ҚАЙДА?



«МАХАББАТ. ХАТТАР»

Өтетін орны: 2act альянс-театры («Самал-3», 1-үй, «Ритц-Палас» СОО).
Күні мен уақыты: 13 тамыз, сағат 18.00.
Жас санаты: 16+.

ҚАШАН?



«ҚАЙТПАС ҚАЛАЙЫ САРБАЗ»

Өтетін орны: «Керемет» отбасылық театр орталығы («Керемет» ТК, 7-үй, 40-пәтер).
Күні мен уақыты: 13 тамыз, сағат 18.00.
Жас санаты: 4+.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



БРИФИНГ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы Білім сапасын қамтамасыз ету департаментінің басшысы Гүлнар Ермекбаева шілде айында 214 мемлекеттік білім беру ұйымдарының 2023-2024 оқу жылына дайындығын анықтау мақсатында жүргізілген мониторинг барысы туралы жан-жақты айтып берді.

Жалпы, аталмыш департамент жыл сайын жаңа оқу жылының қарсаңында қаламыздағы білім мекемелерінің дайындығын тексеріп, пысықтап отырады. Биыл да осы мақсат үшін құрамында Алматы қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті, Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті мен аймақтық «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығының қызметкерлері бар топ тексерген еді.

– *Тексеру нәтижесінде Алматы қаласындағы мектептердің 68 пайызында ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталып, жаңа оқу жылына дайын екеніне көз жеткіздік. Сонымен қатар, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан қалған мектептер ағымдағы жылдың 25 тамызына дейін өз жұмысын аяқтаулары тиіс. Бұл жұмыстардың кешеуілдеп жатқаны, конкурстың кеш басталуына тікелей қатысты көрінеді, сондықтай кейбір мектептерде ағымдағы жөндеу жұмыстары кешігіп басталған, –* дейді департамент басшысы Гүлнар Ермекбаева.

Сондай-ақ, көрсетілген мерзімге сәйкес күрделі жөндеу жұмыстарын дер кезінде аяқтаған №80 жалпы білім беретін мектеп, Б.Момышұлы атындағы №131 Гимназия, №48 мектеп-гимназия, №15 мектеп-гимназия, №141 жалпы білім беретін мектеп, Білім инновация лицейі оқушыларды қабылдауға дайын.

Алматыдағы өзекті мәселенің бірі – мектептердегі орын тапшылығы екені белгілі. Орын тапшылығын азайту мақсатында №48 мектеп-гимназия, №148 мектеп-гимназия, №112, №9 мектеп-интернатында 920 орынға арналған қосымша жаңа ғимараттар салынып, іске қосылды. Сонымен қатар, әлі де күрделі жөндеу жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізіліп жатқан нысандар бар. Мәселен, №127 және №70 жалпы білім беретін мектептегі жүргізіліп жатқан жұмыстар биылғы желтоқсан айында аяқталуы тиіс. Қазір апатты жағдайдағы №59 мектеп-гимназиясының бір оқу ғимараты, спорт зал және асхана ғимараты сүріліп, орнына 300 орынға арналған жаңа ғимарат және ескі



ғимаратқа қайта жөндеу жұмыстарын жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың шілде айынан бастап №10 мектеп-интернатқа да күрделі жөндеу жұмыстары басталып кетті.

Брифинг барысында Гүлнар Ермекбаева осы аталған білім беру ұйымдарының оқушылары жақын маңайда орналасқан мектептерге орналастырылып, жөндеу жұмыстары аяқталғанға дейін олардың білім алуларына толық жағдай жасалатынын жеткізді.

– *Оқушылардың сапалы білім алуына ешқандай кедергі келмеуі тиіс. Осыған*

байланысты, №97 және №154 жалпы білім беретін мектеп ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізілуіне жарамсыз болғандықтан сүріліп, орнына «Жайлы мектеп» жобасының негізінде жаңа ғимарат салу жұмыстары жоспарланып отыр. Сондай-ақ, мониторинг қорытындысы бойынша күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет деп танылған білім ұйымдарының тізімі жасалды, – деп нақтылады спикер.

Жүргізілген мониторинг барысында 164 білім беру ұйымы жаңа модификацияланған физика кабинетімен, 158 білім беру ұйымы жаңа модификацияланған химия кабинетімен, 159 білім беру ұйымы жаңа модификацияланған биология кабинеттермен және 79 білім беру ұйымы заманауи робототехника кабинеттерімен жабдықталып, 56 білім беру ұйымында жаңа модификацияланған кабинет алуға конкурстық рәсімдер жүріп жатқандығы анықталды.

– *Оқушылардың қауіпсіздігі қашанда басты орында тұруы аса маңызды. Бұл ретте Алматыдағы барлық білім беру ұйымдары бейнебақылау камераларымен жабдықталып, камералар мен дабыл түймелері жергілікті полиция бөлімдеріне тікелей қосылған.*

Сонымен қатар, 120 білім беру ұйымдарында турниктер орнатылса, 94 білім беру ұйымдарында конкурстық рәсімдер өткізіліп жатыр. Дегенмен, кейбір білім ұйымдарында спорт инвентарлары мен жаңарту және толықтыру қажет екені анықталып отыр, – деп спикер өз сөзін түйіндеді.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»
оқу сапасын арттыруға қабілетті

Алматы қаласында дәл қазір 214 мемлекеттік, 93 жекеменшік мектеп бар. Жаңадан бой көтеріп жатқан мектептер де баршылық. Осылайша жыл сайын білім жүйесі жаңа мектептермен толығып жатыр. Бір қуанарлығы, жаңадан ашылып жатқан мектептердің барлығы да заманауи үлгіде, балалардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі кеңінен қарастырылған.

Жыл сайын жаңа мектептер пайдаланылуға берілсе де, орын тапшылығы азаяр емес. Бұл, әрине, демографиялық өсімнің өсіп отырғанын көрсетеді. Яғни қала халқы саны артып, Алматы ұлғайып келеді. Сондықтан мектептегі орын тапшылығын толығымен шешіледі деп айтудың өзі кейде артық сияқты. Алматының Алатау ауданына қарасты «Ботакөз-2» және Наурызбай ауданының «Достық» ықшамаудандарында 1500 орынды №208 және №209 жаңа мектептер пайдаланылуға берілді. Осынау ақжолтай ақпаратқа қуанған тұрғындардың қуанышы тіпті ерекше болды. Өйткені, дәл осы екі ауданның тұрғындары үшін

мектеп қажеттілігі сезініп, күні бүгінге дейін өте өзекті мәселеге айналған еді. Қазір бұл мектептер оқушыға да, маманға да зору емес. Сол маңайдағы көпқабатты үйлерде тұратын балалармен толығып шыға келді. Халқы тығыз қоныстанған Алатау ауданына қарасты «Саялы», «Томирис», «Мәдениет» ықшамаудандарындағы жаңа мектептер мен «Нүркент» ықшамауданындағы жаңа мектептің құрылысы да сәтпен аяқталды. Жалпы, Алматы қаласы жаңа мектептер саны жағынан рекордтық көрсеткішті бастап тұр.

Мәселен, осыдан тура 20 жыл бұрын бірде-бір жаңа мектеп бой көтермей, бар мектептердің өзі көнеңі көзіне айналған еді. Сондықтан жаңа мектептердің ашылып жатқаны ел экономикасының артып, жағдайымыздың жақсарғанын көрсетеді.

«Қалқаман» ықшамауданында соңғы үлгідегі 1800 орынды жаңа мектептің барлық оқушысы бір ауысымда оқып жатыр. Жаңа мектептердің көптеп ашылуының арқасында Алматы қаласында үш ауысымда оқитын мектептер мүлдем жоқ. Еліміздің кейбір өңірлерінде әлі күнге дейін үш ауысымды мектептердің бар екенін ескерсек, бұл да бір жақсы көрсеткіш.

Биыл Түркісіб ауданындағы «Қайрат», Алатау ауданындағы «Дархан» және Наурызбай ауданындағы «Алмаситін» ықшамауданында үш мектеп ашылады. Осы мектептер есебінен Алматыдағы мемлекеттік мектептер саны 214-ке,

жекеменшік мектептер саны 93-ке жетіп отыр. Дәл қазір Алматы қаласының мекемелерінде 305 мыңнан астам оқушы білім алып жатыр. Дегенмен, әлі де 29 мың оқушы орны тапшы көрінеді.

Дәл қазір Алматыда екі ірі жобаның құрылысы қызу жүріп жатыр. Оның бірі – «Жайлы мектеп» жобасы аясында бой көтеретін 22 мектептің құрылысы мен республикалық «1000 мектеп» жобасына сай 2025 жылға дейін тұрғызылатын 37 білім мекемесінің құрылысы. Жаңадан салынып жатқан мектептердің басты ерекшелігі, олар типтік жобалар бойынша салынбайды. Жобалау кезінде білім ошақтарына қойылатын жаңа стандарттар арнайы әзірленеді. Мәселен, олардың барлығы заманауи сәулетімен, жан-жақты ойластырылған кеңістік дизайнымен, кең сыныптары және қоғамдық кеңістігі бар эргономикалық интерьерімен ерекшеленетін болады. Сонымен қатар, жаңа мектептердің барлығында 280 орынды кең, әрі жарық асханалары болады. Асханалардағы тамақ мәзіріне де ерекше мән беріледі. Ең бастысы, балалардың талғамы ескеріледі.

Оқу кабинеттері интерактивті панельмен, SMART тактамен және заманауи үлгідегі жиһазбен жабдықталады. Сонымен қатар, спорт залдардың төбесі мен қабырғасы дыбыс өткізбейтін панельмен қапталып, спорттық іс-шара өткізу кезінде дыбысты оқшаулап тұрады.

Пайдаланылуға берілген жаңа мектептердің барлығында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Face ID қауіпсіздік жүйесі орнатылып, ата-аналар балаларының мектепке кіріп-шыққанын біліп отырады. Барлық мектептерде бейнебақылау орнатылып, тікелей полиция мекемелеріне қосылған.

**Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.**





ӨЗЕКТІ

«МЕФТИҢ»
ҚҰРБАНДАРЫ

немесе жасөспірімдер арасында
есірткіге тәуелділер күрт өсіп кетті

Мамандар кәметке толмағандар арасында есірткі тұтыну көрсеткішінің күрт өскенін айтып, дабыл қағуда. Жасөспірімдер арасында қазір «вейп» деп аталатын электронды темекі өте танымал. Бұл да жаман әдетке бой алдырған жеткіншектердің көбеюіне әсер етуде.

ЕСІРТКІ ҚОЛДАНАТЫН
АДАМНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:

- Көңіл күйдің күрт өзгеруі, агрессивтілік, тез ашулану;
- асқа тәбеттің толықтай жоғалуы, үнемі шөлдей беруі;
- көз қарашығының тарылуы немесе кеңеюі;
- ыстық күндері жабық киім, қара көзілдірік киюі;
- сұрғылт реңді құрғақ тері, жаралар, дақтар және безеулердің пайда болуы;
- жұмысқа, оқуға немесе хоббиге деген қызығушылығын жоғалту;
- денеден және киімнен жағымсыз химиялық иіс шығу;
- үйдегі қоқыс жәшігінде біртүрлі күмәнді заттардың, қалташалардың, дәрі-дәрмек қаптамаларының пайда болуы.

Иә, вейпинг-жастар деп аталатын мұндай топ жаңа ағымға бірігіп, топтасып алып, еліктің, желіктің жаңа дизайнмен, хош иістермен күн сайын жетілдіріліп жатқан бұл құрылғыларды сауда нүктелерінен еркін саудалай алады. Электрондық темекі шегу кезінде ағзаға канцерогендерге жататын көптеген зиянды зат енеді. Ал олар қатерлі ісік ауруларының пайда болуына жол ашатынын жастар біле бермеуі мүмкін. Білсе де, қызқандылықпен, жастықпен мән бере қоймайды.

Алматыдағы Психикалық денсаулық орталығының директоры Сапар Рахменшевтің айтуынша, есірткі нарығында жыл сайын оның жаңа сорттары пайда болып отырады. Қазіргі заманғы есірткілік заттар салыстырмалы түрде арзан, оларды ғаламтор арқылы оп-оңай сатып алуға болады.

Синтетикалық препараттар – бұл жаңа психоактивті заттар. Бүгінгі күні ең көп таралған жаңа түрі – «Скорость», «Мефедрон». «Скорость» деген есірткінің ең қорқынышты салдары – бұл зат психозды тудырып, психикаға қатты әсер етеді. Бұл бұзылыстың белгілері әдеттегі шизофренияға қатты ұқсайды және көбінесе ұзақ уақыт қолданғаннан кейін дамиды. Ал «Мефедрон» – шегуге арналған, түз ретінде пайда болған синтетикалық препарат, кейін бұл затты қолдануға тыйым салынды.

«Мефедронды» нашақорлар өз ортасында «меф» деген жаргонмен атайтын көрінеді. «Мефти» екі-үш ай бойы тұрақты қолданғанда денеге қайтымсыз зақым келеді. Нашақордың денсаулығы күрт нашарлайды (ішкі органдар ауруы дамиды), бірақ сонымен бірге жеке тұлғаның деградациясына әкелетін психикалық жағдайына да зақым келеді.

Кез келген түрдегі химиялық препарат денеде ұзақ уақыт сақталады. Бұл жағдайда олардың кейбіреулері тіндерде жиналып, абстинентті синдром және жаңа дозаға деген ұмтылысты күшейтеді. Қабылдау тәжірибесі неғұрлым көп болса, улы ыдырау өнімдері соғұрлым ұзақ сақталады.

Синтетикалық препараттарды қолдану физиологиялық және психологиялық денсаулықты бұзады. Синтезделген заттар тәуелділікті тезірек тудырады, кейбіреулеріне тек бір доза жеткілікті. Бірде-бір препарат он әсер етпейді, синтетикалық сорттар екі есе қауіпті. Олардың химиялық құрамы көбінесе белгісіз, сондықтан артық дозалану және улану қаупі артады.

Егер жақыныңыздан осындай белгілер байқасаңыз, «есірткі қолданады-ау» деген күдігіңіз болса, мамандарға (Жастар денсаулық орталықтарына, наркологқа) жүгінген абзал.

МАМАН КЕҢЕСІ

Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мәлім еткендей, мегаполисте қызылшамен сырқаттанушылық бойынша тұрақсыз эпидемиологиялық жағдай байқалып отыр.



ВАКЦИНА – ҚЫЗЫЛШАДАН ҚОРҒАЙДЫ

«Осы жылдың наурыз айынан бастап қызылшаның 1097 зертханалық расталған жағдайы тіркелді, оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында 966 жағдай (88,05%). Былтыр қалада қызылша мен қызамықтың зертханалық расталған жағдайлары тіркелмеген», – деп атап өтті департамент мамандары.

Сала мамандары медициналық ұйымдармен бірлесіп барлық ошақта эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізді. Нәтижесінде науқаспен байланысқа түскен барлығы 14 893 адам анықталып, эпидемиологиялық көрсеткіш бойынша қызылшаға қарсы шұғыл имундауға жататын 277 адам егілді. Барлық байланысқа түскендер медициналық бақылауға алынып, қызылшаның алдын алу іс-шаралары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті қызылшаны

жұқтырудан, сондай-ақ олардың асқинуынан алдын алатын жалғыз тиімді құрал тек вакцинация екенін еске салады. Қызылшаға қарсы вакциналау 1 жаста және 6 жаста 2 рет жасалады. Қызылшаға қарсы екпенің әрбір дозасы баланың имунитетін күшейтеді.

Екпелерді жүргізу үшін ДДҰ сертификаттаған және Қазақстан Республикасында тіркелген, қызылшаға, қызамыққа, эпидемиялық паротитке қарсы аралас вакцина қолданылады. Вакциналау тұрғылықты жері бойынша емханалардың барлық егу кабинеттерінде тегін жүргізіледі. Мәселен, осы жылдың 8 маусымында Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының вакцина қоймасына ДДҰ сертификаттаған және елде тіркелген 37 200 доза қызылшаға, қызамыққа, эпидемиялық паротитке (ҚКП) қарсы біріктірілген вакцина келді. Айта кетейік, қызылша – ауру адамнан адамға ауа арқылы, тыныс алу жолдарының тамшыларымен

немесе ауру жұқтырған адамның мұрны немесе тамақ бөлінісінен жұғады.

Қызылша – ең жұқпалы инфекцияның бірі, себебі ауыратын адаммен байланысқа түскен соң екпе алмаған адамдардың 90%-дан астамы ауырады. Қаладағы қазіргі тұрақсыз эпидемиологиялық жағдайға байланысты онтүстік мегаполистің эпидемиологтары аурудың белгілері пайда бола қалса:

- өзін-өзі емдеумен айналыспау, дәрігерді үйге шақырып және дәрігердің нұсқауы бойынша ем алу;
- үйде болу, жұмысқа шықпау, сондай-ақ қоғамдық орындарға бармау, әсіресе, амбулаториялық ем қабылдап жатқан науқастар үйде оқи алуанды қатаң сақтауы керек;
- ауырып жатқан балаларды жазғы сауықтыру лагерьлеріне, ұйымдасқан ұжымдарға жібермеген абзал.

ТАБИҒИ ӨНІМ

КҮРЕҢОТТЫҢ ШАЙЫН ІШКЕН ПАЙДАЛЫ

Жазды күні тау бөктеріне альпілік өсімдіктер шығады. Соның бірі – көпшілікке танымал Күйгенсай (Горельник) шатқалындағы жіңішке жапырақты күреңот гүлінің алқабы. Қазір күреңот гүлінің гүлдеу маусымы. Сондықтан алматылықтар мен қала қонақтары Іле Алатауының теңіз деңгейінен 2000 метр биіктігінен осынау қызғылт-күлгін, әдемі гүлдерді көруіне болады.

Күреңот алқабын «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортына апаратын жолдағы Күйгенсай (Горельник) минералды суынан жоғары орналасқан шатқалдан табуға болады. Алқапқа апарар алғашқы жол тік болғанмен, бірте-бірте жол ыңғайлы соқпаққа ұласады.

Күреңот, иваншай – таудың күнгей беттері мен алаңқайларында ну боп өсетін, көпжылдық жарықсүйгіш өсімдік. Биіктігі 1-1,5 метр. Сабағы тік. Жапырақтары жіңішке, кезектесіп орналасады. Гүлі – қызғылт, қызыл-қызыл түсті, әдемі болып келеді. Жиі өседі, бір гектардан 600 келі тамаша, тұнық бал береді. Тамырсабағы көкөніс ретінде тамаққа қолданылады, кейде тіпті нан да пісіріледі.



Дәрілік маңызы зор. Құрамында херофиллин деген алкалоид, илік заттар, С дәрумені бар. Бұдан жасалған дәрілер жүйке жүйесін тыныштандырып, қабынуға қарсы әсер ететін қасиеттері бар. Халық медицинасында асқазанға жара түскенде, бас ауырғанда, ішек қабынғанда бұл өсімдікті шай ретінде демдеп ішеді. Күреңоттың жапырақтарынан шай дайындалады.

Жеңіскүл БЕРКІМБАЕВА.

МӘСЕЛЕ

ЖӨТЕЛДІҢ ДЕ ЭТИКЕТІ БАР

немесе туберкулез ауруынан қалай сақтануға болады?

Туберкулез – ауа арқылы таралатын және әлемдегі адам өлімінің 10 жетекші себептерінің бірі болып табылатын кесел. Қуанышқа қарай, Алматы қаласында туберкулезбен ауыратындар көрсеткіші жылдан-жылға төмендеп келеді.

2021 жылы бұл көрсеткіш 100 мың адамға шаққанда 23,1 болса, 2022 жылдың қорытындысы бойынша 100 мың адамға шаққанда 22,6 болды (Қазақстан бойынша 36,5 және 36,0 тиісінше). Өлім көрсеткіші 2021 жылы 100 мыңға шаққанда 1,4 болса, 2022 жылы 100 мың адамға шаққанда 1,3 құрады (Қазақстан бойынша сәйкесінше 1,7 және 1,4).

Жөтелгенде, түшкіргенде немесе қақырғанда өкпе туберкулезімен ауыратын адамдар ауаға туберкулез бактерияларын шығарады. Ауаға тараған мұндай бактериялардың аз ғана мөлшерінің өзі жеткілікті, адам ағзасына бірден қонақтап алады. Ең үлкен қауіп – туберкулездің созылмалы түрлерімен ауыратын науқастар. Олар бір жыл ішінде бұл дертті 10–15 адамға дейін жұқтыруы мүмкін.

Өкпе туберкулезі ұзақ уақыт бойы

асимптоматикалық немесе аз симптоматикалық түрде өтуі мүмкін: айлар бойы аурудың белгілері (жөтел, безгек, түнгі тер, салмақ жоғалту және т.б.) анық емес болуы мүмкін. Сондықтан адам медициналық көмекке жүгінбей жүре беріп, нәтижесінде бактериялардың басқаларға берілуіне жол ашуы мүмкін.

«Өкпе туберкулезі кеуде мүшелерінің флюорографиясынан немесе рентгенографиясынан өту немесе туберкулин сынамаларын қою кезінде кездейсоқ анықталуы мүмкін. Мәселен, 2022 жылы 608502 адам ФГ-скринингтен өтті, оның ішінде 213 адамда өкпе туберкулезі анықталды», – дейді фтизиопульмонология орталығының маманы, фтизиатр-дәрігер Панагүл Жазыбекова.

Туберкулез көбінесе жұмысқа қабілетті ересектерге әсер етеді.

Дегенмен, жастар да бұл аурудан сақтандырылмаған. Имундық жүйені әлсірететін басқа дерттері бар адамдарда да белсенді туберкулездің даму қаупі жоғары. Темекі шегу туберкулезге шалдықтырады және өлім қаупін едәуір арттырады. Әлемдегі туберкулез ауруының 20%-дан астамы темекімен байланысты екен.

Туберкулездің алдын алу үшін жөтел этикетін сақтау (ауызды көлегейлеп жөтелу, кез келген жерде түкірме) өте маңызды және аурудың белгілері пайда болған сәттен дереу медициналық көмекке жүгініз.

Туберкулездің алдын алудың арнайы әдістеріне туберкулезбен ауыру қаупі жоғары сау адамдарға фтизиатр-дәрігерлер тағайындайтын туберкулез инфекциясының профилактикалық емі – БЦЖ вакцинасы мен ревакцинациясы жатады.

Жеке бастың гигиенасы, жаттығулар мен шынығу, салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану, жаман әдеттерден бас тарту, тұрғын үйді жиі желдетіп отыру – бұл ережелер де денсаулықтың кепілі.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

КИБЕР-ҚАУІПСІЗДІК

Сарапшылар интернет-жарнамадан сақтануға шақырды

Шыны керек, осы күні ғаламтор кеңістігінде жүздеген жарнама жарық көреді. Көптеген қосымшада, әлеуметтік желіде, сайтта солай. Жәдігөй жарнама бір қарағанда, зиянсыз көрінетіні бар. «Х» белгісін басу арқылы таңдаған фильмді не жаңалық топтамасын оқи аласыз. Демек, дәл осындай «х» белгісінің бірі болмаса бірі қараған жанды жалған веб-сайтқа бағыттап, пайдаланушының гаджетіне вирус ендіруі әбден мүмкін. Ақиқатында, адамды мезі қылатын жарнамалық жарияланымда қандай қауіп бар? Одан қалай қорғануға болады? Міне, осындай қатердің сырын Fingramota.kz киберқауіпсіздік саласы сарапшылары жайып салды.

ЖАЛАУЛАТҚАН
ЖАРНАМА

Расында да, ғаламторға шырмалған өрмекшідей қаскүнем-жәдігөйлер ел-жұртты алдап-сулап, олардың жеке төлем дерегіне дейін анықтап, торға түсіруге әзір. Алаяқтардың діттегені – жарнамаға «жабысқан» пайдаланушыны шынайы сайт/арна/қосымша арқылы торға түсіру.

– Жарнамада фишингті пайдалану алаяқтарға алдыңғы жоспар. Бұл өзі, мейлінше қарапайым да. Алаяқтар танымал интернет-ресурстағы жарнамаға жып етіп орналасып алып, зиянкес бағдарламалық қамтылымды жүгіртпелі жарнама-хабарландыруға не баннерге енгізіп үлгереді. Егер пайдаланушы хабарландыруды басса, онда бірнеше URL-аттар арасында қайта адрестеу болады. Жалған веб-сайтқа тап болудың басы бұл. Сөйтіп, өзінің гаджетіне вирусты бағдарламалық қамтылымды автоматты түрде орнатып алғанын білмей де қалады. Мұндай зиянкесті бағдарлама жарнамалық хабарландырудың бір пикселінде болуы ықтимал, – дейді киберқауіпсіздік, АТ мен коммуникация саласындағы тәуелсіз сарапшы Евгений Питолин.

Жарнаманың алдамшы екенін түсіну оңай емес. Бұл ретте өзіңізге парасатты ой-пайымыңыз көмекке келмесе, қиынның қиыны. Мәселен, жылдам бау сызбасын жазған жарнамаға, лепірткен лотереяға, 1 минут ішінде несие алу секілді «қиял-ғажайыпқа» сақтықпен қараған абзал. Әгәрәки, жарнамада қолжетімділік «менмұнда» тұрса, мұның алдамшы болуы мүмкін. Ондай дүниені тексерем деп, тағдырды сыңға салу мәнсіз. Бұған, тіпті мән бермеген жөн болар. Жарымес жарнама арқылы компьютеріңізге пернетақта тыңшысын (кейлоггер) да жүктеп алуыңыз әбден мүмкін.

– Кейлоггер – бұл сіздің пернетақтамен жасаған барлық манипуляцияңызды, соның ішінде логин мен парольдің енгізілуін сақтап алатын әрі жазатын зиянды бағдар-

лама, – дейді ҚР Ішкі істер министрлігі Кибер-қылмысқа қарсы күрес орталығының бастығы Жандос Сүйінбай.

Әрі қарай сарапшының пікірінше, хакер ұстап қалған ақпаратты қашықтықтағы серверіне жібере алады. Көбінесе тақырыбы «менмұнда» мезі ететін жарнама танымал инвестициялық компанияның клон-сайтына алып келуі мүмкін. Жалған веб-сайттың дизайнын шынайы веб-сайттан ажырату қиын. Өйткені, өте ұқсас.

«Көбінесе, сужуқпас алаяқтар ескі сызбамен жұмыс істейді. Қор нарығында 99 пайыз ықтималдықпен табыс табуға уәде беретіні сондықтан. Қысқа мерзімде қолмақты ақша табуға мүмкіндік беретін ғажайып платформаға кіру үшін сауалнама тастайтыны да бар. Мұның соңы қайда апарып соғатыны белгілі. Ғаламтор кеңістігінде, әсіресе, фишингтік сайтта дербес дерек қалдырмаңыз», – деп ескерткен Жандос мырзаның сөзінің жаны бар.

Сондай-ақ, адамды мезі қылатын хабарландыру, жарнамадан соң жалған интернет-дүкенге тап болуыңыз ғажайып емес. «Тауар бағасы басқа сатушылармен салыстырғанда тым төмен болатын сайтқа тап болсаңыз, сондай-ақ тауарды жеткізу мерзімі мен құрамы хабарландыруда көрсетілген дерекпен сәйкеспесе, сақ болған дұрыс», – дейді сарапшы.

Көзімізді ашсақ, бәрі жарнама боп кеткендей. Аялдама, үйге кіреберіс, тіпті әлеуметтік желінің өзі жарнама. Одан 100 пайыз құтыла алмасақ та, қысқартуға қол жеткізуге болады. Иесінің қайда жүргенін қадағалап отыратын гаджеттегі геолокацияны алып тастасаңыз, таргеттелген (қайталап көрсететін) жарнаманы өшіріп тастауға болады. Сондай-ақ, браузердің теңшеуін мұқият тексеріп, іздеу бөліміндегі деректі автоматты түрде кәштеуді орнатуға болады. Мәселен, қайталап шыға беретін жарнаманы қысқартып не тұтастай алып тастай алатын, AdBlock сияқты тегін қосымша бар.



САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Қысқасы, киберқауіпсіздік жөніндегі сарапшылар қауіпсіздігіңіздің өз қолыңызда екенін еске салады. Гаджетіңізге әрқашан лицензиясы бар бағдарламаны орнатыңыз. Бұл бағдарлама сізге зиянды БҚ-ны дер кезінде анықтап, компьютеріңізді ықтимал қауіптен қорғауға көмектеседі. Сондай-ақ, смартфон не планшетке вирусқа қарсы бағдарлама орнатуды ұмытпаңыз. Әсіресе, егер сіз оларды төлемді жүзеге асыру үшін пайдалансаңыз, антивирус орнатыңыз. Apple, Google мен Microsoft операциялық жүйелерін үнемі жаңартып отырыңыз, жолығу мүмкін осалдықты түзетуді де ұмытпаған жөн.

Киберқауіпсіздік сарапшылары URL-мекенжайдың жазылғанына назар аударуға кеңес береді. Көбінесе вирус жоғарыда аталған құрылғыға электрондық поштаға салынған файл арқылы немесе фишингтік сайтқа сілтемемен сіңісіп жатады. Оған қоса, алаяқтар электрондық поштаның мекенжайын ресми не мемлекеттік мекеменің мекенжайына ұқсас жасауы да мүмкін.

Ал банк пен онлайн-дүкеннің интернет-сайтының сілтемесінде тек бір не бірнеше таңбаны өзгертуі мүмкін. Өз дерегіңіздің бұғатталуын болдырмау бағытында үнемі олардың резервтік көшірмесін жасап отырыңыз. Бұл шифр анықтаушы-вирустан қорғап қана қоймай, құрылғы сынып қалған жағдайда да ақпаратты сақтауға көмектеседі. Қорғау деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым құрылғыңызбен дерегіңізге еш зиян келмейтініне сенімді боласыз. Мұндай мүмкіндігі бар аккаунттың бәріне қос факторлы аутентификацияны іске қосыңыз.

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТАР
АЛЫСТА ЕМЕС...

«Биылдан бастап Алматыдағы Мақан Есболатов атындағы ИМ академиясында тұңғыш рет курсанттар киберқауіпсіздік және IT-криминалистика мамандығы бойынша даярланатын болады» деген болатын академия бастығы, полиция генерал-майоры Айдар Сайтбеков өз сөзінде. Осы орайда арнаулы мамандардың дайындалғанын қуана құптадық. «Ештен кеш жақсы» дегендей, бұл да – заман талабы. Қолға қару алып, күресетіндей емес. Бір жаманы да сол интернет-алаяқтардың алыста емес, жанымызда жүргені. Бір жақсысы, сол виртуальды арамза-алаяқтардың қауіпін сақтандыратын сарапшылардың көбейіп келе жатқандығы.

Аталған қарапайым әрі тиімді қағиданы сақтасаңыз, қаражатыңызды зұлым алаяқтан қорғай аласыз. Қаржылық сауаттылық дегеннің өзі осыдан басталады. Туған-туыс пен жақын-жұрағатыңызды алаяқтық әрекеттен сақтандырасыз. Құт-ұяқтық қақпанға түспеудің жанға жағымды жолдарын жақыныңызға жария етіп жүріңіз. «Ауруын жасырған өледі» деген қазақ бәрін біліп кеткен.

Алаяқтық та асқынған ауру тәрізді қоғамды жайлап бара жатқан жасырын емес. Жаратқанның өзі де сақтанғанды сақтайтынын еске салсақ, сақтанғаннан артығы жоқ. Жомарттың қолын жоқтық байлаған шақта, әсіресе зұлымдықтың өзі орға жығып, басыңды құмға тығып кетуі кәдік. Қазекем «Әсірескызыл тез оңар» деп осындай алаулатқан, жалаулатқандар жайында айтса керек. Абай болайық, аға-йын!

АВТОСЫНАҚ

ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ

Емтихан қабылдау тәртібіне өзгеріс енгізілді

Елімізде жүргізуші куәлігін алу бұрынғыдан да қиындай түсті. ИМ механикалық көлік құралын тізгіндегіңдерді дайындау ережесі мен емтихан қабылдау тәртібіне өзгеріс енгізді.

– Өзім дайын емес едім. Сұрақтарды қарап келдім. Қазір 26 балл алдым. Бірінші келгенде 23 балл алған едім. Қиындапай, осы қалыпта қалғаны дұрыс деп ойлаймын, – деді қала тұрғыны Дәуірбек Нұрмағаметұлы.

ИМ жүргізуші куәлігін алу жұмысын жекеменшік компаниялардың құзырына берген. Енді құжат алу ісіне мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталығы да, қалалық полиция департаментіндегілер де қатыса алмайды. «Бұл «бармақ басты, көз қысты» әрекетке жол бермеу үшін қабылданған шешім» дейді ведомстводағы-



лар. Одан бөлек, тест тапсыруға арналған арнайы бөлме де жасакталған.

– Бұрын бейнебақылау жоқ болған.

Сондықтан жүйені айналып өту оңай болды. Қазір біз қойған үстелден жан-жағы көрініп отырады. Залда күтіп отырған аза-

маттар тікелей эфирден көріп отырады, – деді жекеменшік компанияның қызметкері Елдар Бекболатов.

Ал сарапшылардың айтуынша, жүргізуші куәлігін алғанда цифрлық жүйенің орнатылғаны дұрыс. Тест тапсыруға келген кандидаттардың көбі сынақтан өте алмай жатады. Себебі, үміткердің дайындық жүргізу үшін қажетті әдістемелік құралы жоқ. Болған күннің өзінде қазақ тіліндегі аудармалары түсініксіз. Соның салдарынан куәлік ала алмай, әбден әбігерге түскендер заңсыз әрекетке баратын көрінеді.

– Техникалық-материалдық сапасы дұрыс емес деп ойлаймын. Жаңадан үйренген адам машинаны кәсіби жүргізуші сияқты жүргізе алмайды. Автодром, жол қозғалысы ережесі кітапшасы көптеп шығарылса дейміз. Қажеті құралдардың аудармалары дұрыс емес, оқығанда түсініксіз, – деді автосарапшы Бақытжан Серікұлы.

Жүргізуші куәлігін тапсыра алмаған қазақстандықтардың нақты саны белгісіз. Себебі, елімізде мұндай статистика жүргізілмейді. Ал жол қозғалысы ережесін білмеу салдарынан болатын апаттың саны жыл сайын 14 мыңнан асып жығылады екен.

Бетгі әзірлеген Айнабай МӘДІ.



ALMATYНЫ БАСҚАРҒАНДАР

САРАЙ ҮШІН ҚУҒЫНҒА ТҮСКЕН БАСШЫ

1950 жылы Қазақстанның саяси өмірінде сол кезеңнің көзімен қарағанда сенсациялық оқиға орын алды. Оның бірі Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы қызметі сайланбалы түрде жүзеге асты. Шаһар басшысы болып бұған дейін Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Рымбек Ільяшев сайланды. Ал әйгілі ғалым Қаныш Сәтбаев Ұлттық Ғылым академиясының президенті болды. Ол тұста шаһар басшысы түтілі төменгі буындағы басшыларды тағайындау үшін де Мәскеудің батасын алатын. Осы тұрғыдан келіп қарағанда осынау аса ірі лауазымды қызметке екі бірдей қазақ баласының сайлануы қазақ қоғамы үшін зор қуаныш еді.



жерде Алматыны одан әрі дамытуды осы қызметінде де жалғастырды.

Алматының тарихын білуге ынтызар адамға осы күнгі Республика сарайының қалай салынғанынан да хабардар болғаны жөн. Алайда, «ғасыр құрылысы» деуге тұрарлық алып ғимаратты салғаны үшін де оның соңына шырақ алып түскендер де болды. Бұл ретте сол жылдарда Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған көрнекті мемлекет қайраткері Сағындық Кенжебаевтың әріптесі жөніндегі мына сөзі көп жайға қанықтырса керек.

«Рымбек Ільяшев – ірі лауазымды қызметтер атқарған, мемлекет, қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген үлкен тұлғалардың бірі. Ол кісі Республика сарайын (бұрынғы Ленин атындағы сарай) салуға бастамашы болды және оған үлкен еңбек сіңірді. Сол сарайды тұрғызуға Мәскеуге айтып, қамқатты қаржы бөлгізді. «Сарайды салдыруды бастадың» деп Рымбек Ільяшекті жазалағысы келгендер де, басқан ізін аңдушылар да болды. Осыны пайдаланып, қызметінен тайдырғысы келгендер де кездесті. Бірақ қайсар азамат жалған жалаға мойымай, өзінің ақ екенін дәлелдеп, сарай құрылысының сәтімен басталып, сәтімен аяқталуына бар күш-жігерін жұмсады».

Бүгінде Алматыда сейсмикалық қауіпті аймақта көпқабатты үйлер салудың қауіпті екендігі қашаннан жазыла-жазыла жауыр болған тақырып. Ал Рымбек Ільяшев бұл мәселемен елуінші жылдары күрескен екен. «Алматыға қазір 3-4 қабаттан артық үй салуға болмайды. Қаланың табиғи ерекшеліктері бұны көтермейді. Өйткені, қалада биік үйлер көп болса, ол шаһарға келетін самалды, саф, таза ауаны бөгеп, тұрғындар жапа шегіп, экологиялық ахуалды қолдан қиындатамыз» деп дабыл қақты. Осыдан жетпіс жыл көтерілген мәселе әлі де өзекті болып отырған жоқ па?


Бұрынғының басшыларына ортақ бір қасиет – өндіріс, шаруашылықты ғана жетік біліп қоймай, ұлт руханиятына да үлкен жанашыр болды. Мәселен, ол қазақ тіліндегі ауылшаруашылық әдебиеттерін республиканың барлық дүкендерінде сатқызып қана қоймай, оның жүзеге асуын қатаң бақылауда ұстаған. Сонымен қатар, Ғабдендермен, мәдениеттің марқасқаларымен де қоян-қолтық араласып, шаһардың рухани даму бағдары турасында да кеңесіп отырған. Ұлт зиялыларын баспанамен қамтуға айрықша көңіл бөлген. Ол замандастарымен әңгіме бола қалған жағдайда 40-жылдары Семейде облыстық атқару комитетінің төрағасы болып жүркенде «Абай жолын» жазуға материалдар жинап жүрген М.Әуезовпен кездесіп, сырласқан күндері жиі елжіреп еске алады екен. Ол кезде қонақ үйі жоқ. Ұлы Мұқан бұл кісінің шаһырағында көп күндер жата жастаған. Оның тіпті Орталық Комитеттің хатшысы Пономаренкоға үш айдың ішінде қазақша үйреткенінің өзі бір хикая.

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.



DEREKTER MEN DĀYEKTER

Үлкен жолдың үсті болған соң бұл жерге кім келіп, кім кетпеген. Әсіресе, жазғасалым Темірлан елдімекеніне кіреберістегі Арыстың жағасында адам аяғы үзілген емес. Жасыл желек жамылған, ой-қыры мен сай-саласын қиып өтіп жатқан қара жолдың өзі куә. Ұзақ жолдан шаршап-шалдыққан жолаушылар аздап аялдау үшін тізгіні тартып аяқ суытса, енді біреулер арнайы ат басын бұрады. 1969 жылдың жанға жайлы жайлау күндерінің бірінде бір сазгер мен бір ақынды бір азамат Арыстың жағасына арнайы алып барды. Олар мұнда бір күн жатып демалған. Алайда, өзеннің жағасында елінің еркесі мен серкесі жатқанын біреу білсе, біреу білген жоқ. Тылсым табиғаттың тамашасы толқызған жастар жүрегін тербеген бір әуен зеңгір көктегі ақша бұлттарға ілесіп кетіп бара жатқан болатын. Ол әуен кейіннен бүкіл елдің аспаньында қалықтады.

ОТЫЗ ЖЫЛДАН KEЙІНГІ ОҚИҒА

Кеудесін ән кернеген жас сазгер Шәмші Қалдаяқов ол кезде тіпті елгезек еді. Елпидеген бала көңіл кең даланы түгел шарлап кететін. Күн күлкісі аққуларға айналып, бақыт құсы басына келіп қонушы еді. Буыраңтып-бұраңтып талант күші Шәмшінің ішпей-жемей мас қылатын.

Әсем әнге әдемі сөз жарасқан. Бір-бірінің жүрек қағысын дөп басқаны соншалық, содан бері ән мен сөздің екі арасын әлі ешкім ажырата алған жоқ. Қызуқанды, адуынды ақынға Арыстың жағасы үнемі қол бұлғап тұратын болды. Ол ақын Мұхтар Шаханов еді.

– Арыс өзенінің бойында, Темірлан елдімекеніне кіреберіс жерде бір табиғаттың есем бөлшегі бар. Сол арада біз бір күн бойы демалдық. Өзен сарқырап ағып жатыр. Жан-жағы қалың тоғай. Қарсымызда – биік жарқабақ. Сол арада «Арыс жағасында» әнінің идеясы туып еді.

Енді тағдырдың мына бір қызығын қараңыз, тура отыз жыл өткеннен кейін сол арада, сол жарқабақта Шәмшінің 30 метр болатын матаға салынған суреті ілулі тұрды. Өзеннің үстіне сахна жасалып, бір шетіндегі қалың тоғайдың арасына халық жайғасқан. Барлығы 30 мыңдай адам жиналған бұл жерде Шәмшінің құрметіне арналған керемет бір кеш өтті, – деді сол кездегі жас ақын, бүгінде алты Алашқа аты мәлім Мұхтар Шаханов.

Қазақтың даласы кең, сол кендіктен жаралған қазақтың қушағы да ашық еді. Бірақ Шәмші жалғыз болатын. Солай бола тұрса да, көзі тірі кезінде аты аңызға айналған адам қазақтың әрбір інінің төрінен орын алып жатты. Өйткені, Шәмшінің әні айтылмайтын бірде-бір той болмайтын. Алайда, көп адам үшін Шәмшінің өзі із-түзсіз кеткен еді. Жұрт оны жоғалтып алғанды.

Арада көп жылдар өтті. Жас өсіп, жарлы байыды. Шәмшінің әндерімен есейіп өскен жастар өздерінің сүйікті сазгерін іздей бастаған. Әсем әндерімен әмбеге аян болған Шәмші Қалдаяқов бұл кезде елеусіз

ғана жүріп жатты. Қызмет орны «Қазақ радиосы» болатын. Бір күні өзін іздеп келген жас жігітке танданып, таңырқаған жоқ. Өзіл-шыны аралас әңгімесін айтқан.

– Қасына бардым да, бірден «Шәмші аға, мен сізді іздеп жүр едім. Осы уақытқа дейін кешіңіз өтпеген екен, шығармашылық кешіңізді өткізсейік. Республика сарайын алып бере алатын мүмкіндік бар» деп едім, ол кісі «Бір реті болады ғой, қазір кішкене ауырыңқырап жүр едім, кейінірек көрерміз де» деді. Сосын мен өзімен қалай хабарласуға болатынын сұрадым. «Сен, айналайын, қайда оқисың?» деп сұрады менен. «ҚазМУ-де» деп едім, «ҚазМУ-ге 61-автобус барады ғой, ендеше ойыңа сақтап ал, менің телефоным сол сенің автобусыңнан басталып, соңғы төрт саны – бір пұт және екі пұт» деді. Өзі өте әзілқой, қалжыңбас кісі екен.

Шынымды айтсам, мен біртүрлі болып қалдым. Телефонның бергісі келмей тұрған шығар деген ой келді. «Өзіне селсоқ қарадым ба екен, менсінбей тұр деп ойлап қалды ма екен» деген ойлар санамды сілкіп өтті. Аты аңызға айналған қазақтың белгілі сазгеріне алғашқы жолығуым өте сәтсіз болды-ау деп түйдім. Үйге, бөлмеме мұндайып қайттым, – деді Шәмші ағасын іздеп барған сол кездегі студент, қазір белгілі сазгерге айналған Қалдыбек Құрманәлі.

Ән мен жырдың жана-шыры, жас сазгер Қалдыбек Құрманәліев, шынында да, Шәмшіге аздап ренжіп қайтқан еді. Онысы бекер болып шықты. Қолды-аяққа тұрмайтын жас бала Қазақ университетінің Журналистика факультетінде оқитын. Жатақханаға келген соң, Шәмші сөзінің астарын бір бөлмеде жататын досы ашып айтып береді. Алайда, ол досының өзі, алдында, «өлген адамда телефон бола ма» деп күліп, мазақ қылған еді.

– Бірге оқитын Өзбекстаннан келген Әлмен деген жігіт бар еді. Ол жақтың жігіттері Шәмші әндерін өте жақсы білетін. Сол жігітке осы жаңа ғана Шәмшіге

жолыққанымды айттым. Сөйтсем, әлгі ішін басып алып тұрып, өліп-өшіп күлім келіп. Өзі Өзбекстанда киноға түсіп үлгерген актер жігіт еді, мені бір әдемілеп келекелеп тұрып, мазақтайды. «Шәмші Қалдаяқовты көрдің бе?» дейді. «Біздің жақта құстың келуі мен құстың қайтуы кезінде кейбір адамдардың денсаулығы өзгеретін еді, сенің ондайың жоқ па? Шәмшінің қайтыс болғанына жиырма жыл болған жоқ па» дейді ғой келекелеп. «Ойбай, айналайын, Шәмші тірі, мен көрдім. Сәтбаев көшесі мен Желтоқсан көшесінің қиылысында кездестім» десем, әлгі сенбейді ғой. Шын сөзімді дәлелдей алмадым. Артынан ақылға салып көрсек, бір пұт және екі пұт дегеніміз, 16 мен 32 сандары екен ғой. Осы күнге дейін Шәмші үйінің телефоны осы телефон, – деді бір кездегі оқиғаны үлкен сағыныспен еске алған Қалдыбек Құрманәлі.

Оңтүстік Қазақстанның халқы ән-жыр десе, ерекше жанып кетеді. «Той дегенде ку бас та домалайды» дейтін қазақ, әсіресе, ән мен жырдың тойына барын салады. Шәмші мен Мұхтар демалған баяғы орында арада 30 жыл өткен соң, Арыс жағасындағы биік жарқабақта үлкендігі 30 метр суреті ілінген Шәмшінің кеші өткен. Оған талай мәрте бірлесіп, шалқыған шығармалар тұтырған Мұхтар ақын арнайы қатысқан еді. Бұл кезде Шәмшінің өзі өмірде жоқ болатын.

– Шәкеңмен бірлесіп мен біршама ән жаздым. Олардың көпшілігі облыстық газетте қалып кетті, әлі жарыққа шыққан жоқ. Мысалы, соның бірі – бүгінде ел білетін «Өмір-өзен» әні. Мұрағатымды ақтарып отырып, оны да кездесіп тауып алдым. Бұл әннің қайырмасын кезінде Шәкең басқа бір әнге пайдаланып жіберген еді. Осыған мен өзімше үш-төрт жол қостым. «Ертеде де кеште, тұрасың сен ете. Мен өшсем де өшпе, асылым» деген жолдарды жаздым. Өйткені, әннің табиғаты осындай бір қайырмаға сұранып тұрды. Жалпы, Шәкеңнің менің өмірімде үлкен орны болды. Өзінің дархан азаматтығыменен, ағалық қамқорлығыменен маған көп ықпал етті. Өнге қайырма қосқанымды мен осы туыстығымыздың жалғастығы деп білемін, – деді Мұхтар ақын.

Өмір деген қызық қой, қарап отырсаңыз, әннің тағдыры да адамның тағдыры сияқты. Бір ән туған жерде отыз жылдан кейін сол әннің авторын еске алу кеші өтеді. Ал ұмыт қалған бір ән отыз жылдан кейін қайта айтыла бастайды.

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК.



УЛАФАТТЫ ҰСТАЗ

ҰЛТЖАНДЫ ТҰЛҒА

Шығыстанушы ғалым Дүкен Мәсімханұлы туралы үзік сыр

Елімізде Тәуелсіздіктің таңы атқанда, бодандықтың да күні батты. Ғасырлар бойы армандап, үздігіп жеткен егемендіктің арқасында қазақтың жарық күні туып, өлгені – тірілді, өшкені – жанды, жоғалғаны – табылды. Тағдыр тауқыметімен атамекеннен алыстап қалған ағайындар ортамызға оралды. XX ғасырда құйындатып соққан замана дауылы тамыры бір, тарихы терең Алаш жұртының алып бәйтерегін шайқағанымен, құлата алмады. Құлата алмайтын да еді. Себебі, қайыңның шорындай қалың қатпар-қатпар тектілікке балтаның жүзі батпайтыны анық.

Бұл жазбамыздың негізгі кейіпкері – аса көрнекті қытайтанушы ғалым, әдебиет сыншысы, филология ғылымының докторы, профессор, ұлағатты ұстаз, талантты ақын, танымал аудармашы, қазіргі күні Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас директоры Дүкен Мәсімханұлы.

Менің де өмірім мен шығармашылығымның алтын дінгегіне, өзек-тамырына айналып кеткен қазақ әдебиеттану ғылымына олжа салғандар қандастар қатарынан да көптеп табылады. Тіпті, тек әдебиеттану ғылымы ғана емес, шығыстану ғылымында да өзіндік орнын күреп алған, жаңа күш болып қосылған, сөйтіп отандық шығыстану ғылымын биік, жаңа, сапалы белеске көтерген ғалымдар аз емес. Солардың бірі әрі бірегейі – миллиард қытайдың арасынан рухын түсірмей, еңсесін тік ұстап келген қарымды қаламгер, шынайы шығыстанушы ғалым Дүкен Мәсімханұлын ерекше бөле-жара атап өтуге болады.

Мен бүгінде еліміздің іші-сыртына кеңінен танымал айтулы ғалым, аса дарынды ақын, қабырғалы қаламгер Дүкен Мәсімханұлын 1993-ші жылдан бері білемін.

Отыз жыл бойы жұбымыз жазылмай бірге келе жатырмыз. Бізді таныстырған, табыстырған қара шаңырақ Қазақ ұлттық университеті. Осынау университетте Дүкен ұзақ жылдар қытайтану, шығыстану мамандықтары бойынша дәріс оқыды. Шәкірт тәрбиеледі.

Бірнеше жыл шығыстану факультетінде қытай тілі мен әдебиеті кафедрасын басқарды. ҚазГУ-дегі 1990–2000 жылдар аралығында еңбек еткен, дәріс оқыған оқытушы-ұстаздардың арасынан Дүкен Мәсімханұлы жарқырап бірден танылды. Ғалым-зерттеуші ретінде Қазақстандағы қытайтану ғылымының көшін бастады.

Сүбелі-сүбелі зерттеу монографиялары мен сұхбаттары республикалық, облыстық газеттер мен журналдарда апта сайын, ай сайын жарияланып жатты. Теледидардан, радиодан да Дүкеннің ой-пікірлері жиі-жиі берілді.

Дүкеннің әрбір жарық көрген дүниелеріне қазақ қоғамы құлақ түріп отырды. Әсіресе, 1995–2005 жылдар аралығында жазылған өткір, терең, зәру әлеуметтік, рухани, мәдени, әдебиет пен өнерге қатысты батыл, ашық көтерген мәселелерін ұлттық газеттер қағып алып, жариялап жататын.

Ана тіліміздің тағдырына, қазақ жері мен тәуелсіздіктің болашағына қатысты ой-пікірлері 90-шы жылдардағы жаңа көтеріле бастаған елдік мәселелерді қозғайтын қоғамдық пікірлердің алдыңғы легінде нақты Дүкеннің жарияланымдары жоғары бағаланатын. Осылайша он-он бес жылдың ішінде Дүкен Мәсімханұлы қазақ руханиятының, қазақ ғылымының, қазақ әдебиетінің тұғырлы тұлғасына айналды.

Ғалымдығына, оқымыстылығына, ізденістігіне тең түскен, әдемі үйлескен талантының екінші бір қыры – ақындығы да құстың қос қанатындай оны биіктетіп алып кетті.

Дүкен бауырымыз егемендіктің алғашқы күндерінде-ақ, атажұртына оралуды ұлы мақсұт тұтып, тұңғыштардың қатарында еліне жеткен ерен ақын, ғажап ғалым. Шегіншектемей, шешім шығарып, ата-бабасының қаны тамған қасиетті топыраққа азаттықтың алғашқы жылында алып-ұшып келіп, туған Отанына адал қызмет қылуды аңсаған ақ адал ақындық жүрегінің өзінен-ақ тек тазалықты тануға болар еді.

Қазақтың қаны мен жанында бұрыннан бар қасиет, ол – ақындық. «Ғылым таппай мақтанба» деп хакім Абай айтқандай, сөздің парқы мен нарқын, күдіретін білетін парасаттылық, білімі толысқан сайын, Дүкенді де ғылымға құштар қылады. Демек, ол да ақындық алғырлығын ғылымға ұштастыра білген ерен жүйріктеріміздің бірі.



Мәймөңкелемей, ақиқатын айтар болсақ, ол шын мәніндегі талантты ақын, сондықтан да, оның әдеби шығармашылық әлеміне тоқталып өтпеу мүмкін емес. Дүкен Мәсімханұлы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері. Одан бөлек, Отанға деген ыстық сезім мен лирикаға толы сөз маржандары төгілген жеті бірдей жыр жинағының авторы. Оның өлеңдерін қазақ қауымы сүйіп оқиды, поэзия патшалығынан өзіндік орнын күреп алған ақын бүгін де елдің ыстық ықыласына бөленген айтулы жыр жампозы.

Өткен отыз жылдың ішінде ақтангер ақынның қаламынан қаншама шырайлы, шымыр жазылған жыр жинақтары да жарық көрді. Солардың бір парасы «Жүрекке саяхат» (1991), «Семсер суы» (1998), «Көкпар» (2003), «Алтынның буы» (2006), «Алқүрән арман» (2008), «Өз аспаным өзімде» (2014), «Сап, сап, көңілім» (2021) атты қадау-қадау поэзиялық кітаптары.

Әсіресе, Дүкен Мәсімханұлының «Сап, сап, көңілім» атты өлеңдері, поэмалары, қытай және өзге де шетел ақындарынан тәржімалаған аударма өлеңдері



енген поэзиялық жинағы қазақ жырындағы өз орнын ойып алған болмысы бөлек дүние.

Дүкен Мәсімханұлының таланты мен қадір-қасиетін ерекше айшықтап тұрған бір қыры, ол – қытай ақын-жазушыларының шығармаларын түпнұсқадан аударып жүрген шебер аудармашы. Ол Қытай елінде жүрген сонау студент кезінен бері көркем аударма жасаумен шұғылданған екен. Сөзді қолданудың ше-

ды атқаруы, ол адамдықтың аса биік кісілік дәрежесі.

Батыр Бәукең (Момышұлы) «Адам болу – қасиет, азамат болу – міндет, патриот болу – парыз» деген екен. Ендеше, Дүкен осы қасиеттерді елдің, халықтың, ұлттың мүддесі тұрғысынан жүзеге асырып келеді. Дүкен Мәсімханұлының жеткен жетістіктері мен жан-жақты жұмыстары мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, көптеген наградаларға ие болды. Ұстаздық ерен еңбегі үшін Ы.Алтынсарин төсбелгісіне, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мәртебелі атағына ие болды. Қытайтану мәселелері бойынша халықаралық аренадағы еңбектеріне орай Шанхай ынтымақтастық ұйымының «Жібек жолы: гуманитарлық ынтымақтастық сыйлығымен» (алтын медаль) марапатталды. Көп жылғы ұстаздық, ғылыми-зерттеу, ұйымдастырушылық-басшылық қызметтеріндегі маңдай тері, қажырлы еңбегі ақталып, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» мемлекеттік құрметті атағына ие болды. Өткен жылы Республика күні қарсаңында, Президент Жарлығымен «Парасат» орденінің иегері атанды.

Дүкен Мәсімханұлының шығыстанудағы жан-жақты еңбектерін бағамдап отырып, оны шын мәніндегі жаңашыл және өнікті шығыстанушы деп бағалауға әбден болады. Шығыстанушы мамандығы өзге мамандықтардан өзгешелігі – шығыстанушы белгілі бір Шығыс елінің тілін білу ғана емес, бүкіл Шығыс әлемінің тілі, діні, әдебиеті, мәдениеті, әлеуметтік әлеуеті, экономикасы, технологиясы және басқа да салаларын тұтастай танып-білуді қажет ететін көп қырлы мамандық. Дүкен Мәсімханұлы тек қана Қытай Халық Республикасы емес, бүкіл Тынық мұхиты және Таяу Шығыс, Орта Азия аймағы елдерінің саяси-экономикасын, тарихы мен мәдениетін терең білетін маман.

Себебі, Оңтүстік Азия, Тынық мұхиты аймағы елдерінің барлығына Қытайдың тілінің де, саясатының да ықпалы өте зор екені айдан анық. Бір жарым миллиардтық алыптың қасында тұрған Қазақстанның айдаһардың аузына жұтылмаудың сан қырлы жолдарын іздеу – Дүкен Мәсімханұлы сияқты нағыз ұлтжанды, отаншыл, шынайы шығыстанушылардың мойынындағы аса мәртебелі міндет, елінің алдындағы азаматтық парыз.

Мейлі ол кім болса да, ұлтымыздың игілігі үшін жасап жатқан еңбектерге, тың ізденістерге, әрбір жарық көрген жаңа көркем шығармалар мен ғылыми зерттеулерге дер кезінде тілектестік білдіріп отыру менің әдетіме айналған. Сол үшін де мен Дүкен інімнің табыстары мен жетістіктерінің барлығына ылғи да қуана қол соғып жүремін.

Ал бүгін күні атан түйе тарта алмас қыруар шығармашылық жетістіктер мен жауапты жұмыстардың жүгін қайыспай арқалап, алпысқа аяқ басқан әйгілі ақын, ғажайып ғалым, ізетті іні, отбасының тірегі, асқар тау әке, ардақты ата атанып отырған Дүкен Мәсімханұлына зор денсаулық, шығармашылық жетістіктер мен ғылыми тың жаңалықтар, толағай табыстар мен мол ырзық, бақ-береке тілеймін! Өлі де алатын асу, шығатын шындары көп болсын! Тәуелсіз еліміздің ертеңі үшін ерен еңбектер атқарып, Алаш жұртының абыройын арттыра беруіне ағалық жүреппен шын тілектестігімді білдіремін.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
филология ғылымының докторы,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты.



«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ЖАРЫҚ ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС ӨШІРІЛЕДІ

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ мәліметінше, 7–11 тамыз аралығында Алматыда электр қуаты жоспарлы түрде өшірілетін болады. Бұған себеп, электр желілеріндегі сымдарды бөгде заттардан тазартып, ішінара ауыстыру жұмыстары жүргізіле бастайды.

Жөндеу жұмыстарына небәрі 1,5-2 сағат уақыт кетеді. Дегенмен, «Алатау Жарық Компаниясы» өкілдері «Бұл жұмыстарды жүргізу кезінде белгілі бір учаскенің тұтынушыларын басқа қуат көзіне ауыстыру мүмкін болмаса, ерекше жағдайларда ғана нысандар қысқа уақытқа тоқтан ажыратылады», – деп мәлімдеді. Мәселен, ағымдағы жылдың 20 шілдесінде Алматының үш ауданында бір сағат бойы электр жарығы өшірілді.

Сонымен қатар, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ кестесіне сәйкес, Төле би, Сәтбаев, Абай, Мұқанов, Құрманғазы, Байзақов көшелерінің бойындағы тұрғындарға, сондай-ақ «Қарағайлы», «Ақжар», «Қалқаман-2», «Алғабас», «Жас қанат» және т.б. ықшамаудандардың тұрғындарына әсер етеді.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

БАҚ ӨКІЛДЕРІ АРАСЫНДА ФУТБОЛДАН ЖАРЫС ӨТЕДІ

Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметі қыркүйек айының басында қала күнін мерекелеуге орайластыра отырып, БАҚ өкілдері арасында жыл сайынғы шағын футбол турнирін өткізеді.

Редакцияларды спорттық іс-шараға қатысуға шақырамыз. Жеңімпаздар үшін (алғашқы үш жүлделі орын) ақшалай сыйлықтар қарастырылған.

Қатысу үшін 8 команда жинау керек (екі команда өтініш беріп үлгерді). Өтінімдерді 8 775 266 13 33 нөмірі арқылы Балсұлу Әлкеноваға қалдыруға болады.

Айта кетейік, спорттық шараға журналистер, операторлар, редакцияларда жұмыс істейтін қызметкерлер қатыса алады. Шынайылық пен адалдық үшін қызметтік куәліктер тексеріледі.

Бір команданың құрамында алаңда келесідей болуы мүмкін: қақпашы функцияларын тиісті нысанда орындайтын кез келген ойыншы және алаңда ойнайтын 4 (төрт) ойыншы; ойынға өтініш беретін ойыншылар саны – 12 (он екі) адамнан аспайды. Ойыншыларды ауыстыру шектелмейді.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ ГАЗЕТИМІЗДІ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ АВТОРЛАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2023 жылғы 4 қыркүйек, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 «А», 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 491 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 «А» 1-кеңсе немесе land@lmn.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 2 қыркүйек, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.

Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2023 жылғы 4 қыркүйек, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).

Лоттар саны – 996 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.

Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п. немесе lemon@lmn.kz электрондық поштасы бойынша 2023 жылдың 2 қыркүйек, сағат 18.00-ге дейін.

Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.

Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

ТУРНИР

БОУЛИНГ БӘСЕКЕСІ

Алматыда Қала күніне орай қыркүйектің бірінші онкүндігінде БАҚ өкілдері арасында боулингтен турнир өтеді

Турнирдің мақсаты: бейресми қарым-қатынас, БАҚ өкілдері арасындағы байланысты дамыту, сондай-ақ Қазақстанда боулингті одан әрі танымал ету. Редакцияларды қатысуға шақырамыз. Командалар саны шектеулі. Барлығы 5 адамнан 7 команда қажет (БАҚ-тан қызметтік куәліктер міндетті). Жеңімпаздарды тәжірибелі төрешілер анықтайды.

Қатысуға өтінімді мына нөмір бойынша беруге болады: 8 775 266 13 33, Балсұлу, БАҚ атауы (қатысушылар саны кемінде 5 адам).



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Естай БОЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АҒАШТЫҢ АРУЫ – АРША

санаулы күндерден кейін түйін тастайды. Бұл көрініс жаздың бел ортасына келгенін аңғартады

Халқымыз қылқан жапырақтылар қатарына жататын ағаштың бұл түрін ежелден қасиетті санап, кие тұтқан. Елден ұзақ сапарға шығатын азамат арша ағашының бір тұтамын кесіп алып, бойтұмар етіп, мойнына таққан. Сәуір айында гүлдеген арша тамыздың ортасына қарай пісе бастайды. Тұқымына, тұрған жеріне қарай күздің алғашқы онкүндігіне дейін өнім береді.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

«Қыс пен жаздың құқына төзіп бірден,
Қара жердің қасиетін сезіп білген.
Алғаш рет мен сені құмнан емес,
Көк сандықтың ішінен кезіктіргем.
Піскемей біз тегі жата алмаймыз,
Қолға ұстауға әжемнен бата алмаймыз.
Аршаның шырпыдайын бір талымен
Тісін шұқып жүретін әкем байғұс.
Біз сұрасақ: «Шырағым, әрі, – дейтін, –
Әркім ұстап кетеді нәрін, – дейтін, –
Қасиетті шөп, – дейтін, – білмейсіңдер,
Тіс пен ішке таптырмас дәрі дейтін», –
деп басталатын ақын Серік Тұрғынбековтың «Арша» өлеңі сөзімізді тұздықтай түскендей.

Арша 300 жылдай өседі (өмір сүреді). Қасиетті болатыны – оған анау-мынау ауру-сырқау жоламайды. Сондықтан қазақ балаға бесікті арша ағашынан жасаған, мұндай бесікке қызамық, қара шешек, сияқты бәлелі аурулар дарымайды. Бір арша ағашының шығарған оттегінің мөлшері 25–30 адамның тыныс алуына жетеді екен. Сонымен қатар, 20–25 тонна шаң тозаңды залалсыздандырады және де көктемнен күзге дейін микробтарды жояды.

Осы қасиеттеріне қоса Арша өте әдемі де сұлу ағаш. Орайы келгенде айтайын: осындай қасиетін біле тұра арша әлі Алматыда көгалдандыруға кеңінен пайдаланылмай отыр. Жаңа салынып жатқан шағынаудандарда отырғызу жұмысын қолға алған дұрыс деп ойлаймын.

Тамыздың 10-ы Үркер амалы басталып, айдың 15-іне дейін жалғасады. Бұл мезгілде шөп буыны катады, малшылар шөп шаба бастайды. Ауа райы құбылып тұрады: кейде ұзаққа созылған ақ жауын жауады. Қой жауынға арқасын төсеп жайылмай тұрып алады, мұны кейбіреулер «қойдың ораза

ұстауы» деп атаса, кей жерлерде жайлауға шығып үй тіккендегі «туырлық жәйі» деп атайды. Кейде сарша тамызға жалғасқан қапырық ыстық болады...

Өткенде ай тігінен туды. Көнекөздер айдың бұлай туысын жақсылыққа балаған. Ауа райы шаруаға қолайлы болады деп есептеген. Қазақ жұрты Айды киелі санаған. Ай арқылы ауа райын алдын ала болжап отырған.

Бүгін григориан бойынша – 10 тамыз. Ай есебімен – 23-і, қазақша 4 күннен кейін тамыз айы басталады. Апта айдың алғашқы он күні мен басына және ортасына сәйкес келіп тұр. Бұдан шығатын қорытынды – ауа райы құбылмалы болады, жаңбыр сирексиді, жартылай бұлтты, көбіне күн ашық болады. Бірақ қалай болғанда да күннің жылылығы немесе ыстығы сақталады.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

АСПАН ДЕНЕЛЕРІНІҢ ҚОЗҒАЛЫСЫНА
ҚАРАП ЖАСАЛҒАН ЖОРАМАЛ:

- Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан.
- Ай бұлыңғыр болса – жаңбыр жауады, ашық болса – шуақты, шаруаға жайлы болады.
- Жазда құйын көп болса, қыс аязды болады.
- Жаз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.

ЗООБАҚ



Оның аты – БӘЙШЕШЕК

Алматы хайуанаттар бағында елік төлдеді. Сүп-сүйкімді төлге Бәйшешек деген ат қойылыпты.

Зообақ қызметкерлері төлдің жағдайы жақсы екенін айтты. Олар жариялаған бейнетаспадан білгеніміздей, кішкентай еліктің «әкесі» Кругляшок, ал «шешесі» Райхан.

«Бұл ерекше сүйкімді жануар кімді естеріңізге түсіреді? Әрине, баршаңыздың есіңізге балаларға арналған мультфильмнен таныс еліктің лағы – Бэмбиді еске түсірген шығар. Әзірше Бәйшешек енесінің сүтін емеді. Аздап шөптің, жеміс пен жарманың дәмін тата бастады. Кішкентай Бәйшешекті зебралар вольерінің оң жағындағы үлкен қоршауда тұратын еліктер отбасынан көре аласыздар. Бәйшешек онда өзінің үлкен-кіші туыстарымен бірге жүреді. Кішкентай еліктің лағын көруге зообаққа келіңіздер!», – деп жазды Алматы хайуанаттар бағының қызметкерлері Instagram-дағы парақшасында.

Нұр ЖАМАЛ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



ЕРКІНДІК



КЕПТЕЛІС

Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.